

Қос қостап хан көтерме:  
Хан біреу болса — ел түзелер,  
Хан екеу болса — ел бұзылар.

Бізден бұрыптылар айтыпты:  
Бір қыпша екі қылын сыймайды,  
Екі еркек бір қатын ала алмайды,  
Бір торге екі төре сыймайды. (*Әбілғазы.*)

Хан тұрғанда қайғы бар. (*Көне ұйғыр жазу ескерткіші.*)

«Хан сарайынан қашықтау жүрген жөн» — деп айтәды жұрт. (*Құтып.*)

Құлы мен қызметкері жоқ хан малшымен тең. (*«Алтын шежіре».*)

Хан қара халыққа ұқсаса, халқынан айрылады,  
Қара халық ханға ұқсаса, қара басынан айрылады. (*«Алтын шежіре».*)

Қара халық жақсы тұрса, хан жетісін қалады. (*«Алтын шежіре».*)

Аяқтың жаза басқаны үшін бастап сұрайды,  
Баланың қатесі үшін әкеден сұрайды,  
Жай халықтың қатесі үшін ханнан сұрайды. (*«Алтын шежіре».*)

Ханның әділетсіздігі — бар бәленің көзі. (*Ю. Баласағұни.*)

Хан да — құдайдың құлы. (*Ю. Баласағұни.*)

Уәзір мұрындықты көрі тартса, кең дүние көрі кетеді. (*Ю. Баласағұни.*)

Уәзір жауыз болса, ел мен халық бұзылар. (*Ю. Баласағұни.*)

Алыптармен алыспа,  
Бектерменен айтыспа. (*М. Қашқари.*)

Бек қайда барса — құлы сонда. (*Ю. Баласағұни.*)

Барша бекке ас — қатер. (*Ю. Баласағұни.*)

Бектің бүгінгі қуанышы — ертеңгі табысында. (*Ю. Баласағұни.*)

Бек деген — от,  
Жақып жүрме — күйесің. (*Ю. Баласағұни.*)

Ашулы бектеп аулақ жүр. (*Ю. Баласағұни.*)

Бек тілесе — бәрін де тегін алады. (*Ю. Баласағұни.*)

Күн көзінде сызат жоқ,  
Бек сөзінде қайту жоқ. (*М. Қашқари.*)

Әділ бектің заңы — жоғары. (*Ю. Баласағұни.*)

Бек болмаған бек болса, таяқ кетпес басынан. (*Көне ұйғыр жазу ескерткіші.*)

Бек болмаған бек болса, бұрын сайын белгі салады. (*Көне ұйғыр жазу ескерткіші.*)

Бек тәтті өмірді сүйсе, олдiң күні қараңғы. (*Ю. Баласағұни.*)

Бек бергенімен биіктер. (*Ю. Баласағұни.*)

Бек қараса — назарынан қорық. (*Ю. Баласағұни.*)

Тек тілекпен бек болмас. (*С. Сарайи.*)

Жерді тау басып ұстайды,  
Елді бек басып ұстайды. (*М. Қашқари.*)

Сараң бек елін билей алмайды. (*Ю. Баласағұни.*)

Байлығы тайған бек жұртсыз күн көре алмайды. (*М. Қашқари.*)

Әскер — бектің қанаты,  
Құс қанатсыз ұша алмайды. (*Ю. Баласағұни.*)

Біртіндеп жанылса — берік қол (әскер) болады. (*Ю. Баласағұни.*)

Қалың әскер бүлінсе — қатары бұзылады. (*Ю. Баласағұни.*)

«Қаныға барам» десең, қаржы жи,  
«Қазы болам» десең, оған да ең керек. (Ю. Баласағұни.)

Басқаның тісі аңы жеп қамалады,  
Қазының тісі тәтті жеп қамалады. (С. Сарайи.)

Қазынашы сақ болса — іс бүлінбес. (Ю. Баласағұни.)

Елшісі ессіз болса, басшының бағы жанбайды. (Ю. Баласағұни.)

Бек өсер жай халықтың арқасында —  
Тізгінді, үзеңгімен тартсаң да! (Ю. Баласағұни.)

Тез түсер тірлік өлім тұзағына,  
Ұлық та бара қоймас ұзағына.  
Қашпама жасасаң да зордай бөлып,  
Сем дене үгіледі бордай болып.  
Бар арман, құрмет тауып сіңірсең де,  
Өлмейтін өмір суып сімірсең де,  
«Жетті деп тобем көкке?» шірнеперсің —  
Бәрібір жер қойнына бір өнерсің. (Ю. Баласағұни.)

Кетті не бір жайсаңдар мен қасқалар,  
Жеді, жұтты қу қара жер бас салар.  
Орда, сарай, қорған салған берік қып —  
Тастап кетті барлығын да тәрік қып.  
Ел басылар — тойым жоқ жойдасың,  
Талап елді көре алмаған пайдасың.  
Талай елді тартып алған сол батыр —  
Екі-ақ құлап жерге сыйып ол жатыр.  
Зар қақтырған жаулап алып кең елді,  
Міне, бүгін қара жерге теңелді.  
Талай елді жаулап алып түткен-ді,  
Жер жастанды — барлық ісі бітті енді. (Ю. Баласағұни.)

Мөнен, ұлым ақыл алып, жақсылыққа жаратқын,  
Елде білгір, ұлық болсаң, өнер-білім таратқын. (М. Қашқари.)

Ізгілік ет — ұлық болсаң (аспағын),  
Бек қатары елді соған бастағын. (М. Қашқари.)

Мал, дүние молайса, бек те болар (хән болар),  
Бар байлықтан айрылса, жалғыз қалып саңдалар. (Ю. Баласағұни.)

Тыңда сөзің бір жалшының — ұнады:  
Жақсы құлмен бектің жаны тынады.  
Бек қуанып, бағы түгел артады,  
Жаны ашыған құлы бейнет тартады...  
Салса құлы қиын іске ар, жанын,  
Орындайды бектің мақсат-арманын.  
Талай адам отті өмірден қалбаңдап,  
Дәл осындай тілек тілеп жалмаңдап. (Ю. Баласағұни.)

Қара халық қызмет істесе — бектер биіктеп кетеді. (Ю. Баласағұни.)

Ұлық болсаң — кішік ұста көңілі,  
Сол жарасар, балам, сүйтсең жепіл-ді...  
Бол ұстамды, міпез түзең, бас сақтап,  
Кішік көрің, бөсің кетпей асқақтап. (Ю. Баласағұни.)

Ұзғір патшадан қанша қорықса да, құдайдан сонша қорықпайды. (С. Сарайи.)

Сұлтан — халықтың арасында сұлтан. (С. Сарайи.)

Елге патша шонап болып жүреді,  
Қойлар үшін шонап өмір сүреді. (С. Сарайи.)

Сан тиеске сан тесе — ойван жүріп кісі өлтіреді. (С. Сарайи.)

Әлем билеу үшін зерде — тірек қой,  
Ел билеуге керек — ақыл, жүрек, ой. (Ю. Баласағұни.)

Білім болса — бектер биік аңғар-ды,  
Жақсы аташын, ашар ізгі аңғарды. (Ю. Баласағұни.)

Ел билеуге өнер керек мың түмен,  
Сонда ғана ашылады түп-тұман. (Ю. Баласағұни.)

Текті адам текірек қағады:  
Үстем сойлер қолы ұзындар, тектілер,  
Өзіңді де құл етуді бек тілер. (Ю. Баласағұни.)

Жақсы тәртіп орнат — сонда сыйлайды,  
Онсыз халық бір ұмысқа сыймайды. (Ю. Баласағұни.)

#### КҮНТҮЛІК НЕН ӘЛСІЗДІК

Қылыш елді тез бағындырады. (Ю. Баласағұни.)

Қылыш қайда болса — күміс (байлық) сонда. (Ю. Баласағұни.)

Отырған балуанның сақалына жармаспа,  
Жатқан балуанның тұлымынан ешпама. («Алтын шежіре»)

Күшпен күйретін, дүниені жаулап алуға болмайды. (Рашид-эд-дин.)

Күш өсіптеп кірсе, өділдік түндіктен шығады. (М. Қашқари.)

Көк темір<sup>1</sup> төк тұрмас. (М. Қашқари.)

Қылыш ел шауын, халық құрайды,  
Қалам қазына тауын, ел сұрайды. (Ю. Баласағұни.)

Төбеден төңірі баспаса — төменде жер тіліпбес өді. («Орхон жазу ескерткіші».)

Сүлеймендей<sup>2</sup> қолында қуат болса да, қылдырықтай құмырсаққа қиянат қылма. (С. Сарайи.)

Кісі жұртына күшпен келін қонған оңбайды. (Құтып.)

Біреуге күш көрсетем деп өзіңе тамұқ дайындап алма. (Ю. Баласағұни.)

<sup>1</sup> Кейбір түркі тайпаларында (қырғыз, йабақу, қалшақ т. б.) «Көк кірсіп, қылыш шықсып» деп ант беретін әдет болған. Ол «көк (яғни көк темір — қылыш) қанға болдысы» деген сөз. Ант бұзған адам өлім жазасына бұйырылатын болған.

<sup>2</sup> Сүлеймен (Тауратта — Соломон) діни хикаялардың айтуы бойынша, жаһуттердің атышулы данасы, патшасы болған (біздің дәуірімізге дейінгі X—IX ғасырлар), құстардың тілін білген, «су перісі Сүлеймен» атанған, аты аңызға айналған, өте көп байлық (алтын) жинап. Ислам діні бойынша, ол — пайғамбар.

Кенкен ағаш пілмес,  
Құрулы кіріс түйілмес. (М. Қашқари.)

Күн қанша биік болса да, оның бетін тоқымдай бұлт жабады. (С. Сарайи.)

Жұқа қалың болғанда — құрастыру қиын-ды,  
Жіңішке жуан болғанда — үзіп тұру қиын-ды. (Орхон жазу ескерткіші.)

Құлыңды көп қорлама: сен бұғауға түсіп, құлың бостандық алатын да күн туады. (С. Сарайи.)

Адам күш жұмсап бай бола алмайды, арыз айтып бек бола алмайды. (С. Сарайи.)

Бақыттың шалғайынан күшпен ұстап тұра алмайсың. (С. Сарайи.)

Зорлық қылғанды көшіру — сорлы адамдарды зорлаумен бірдей. (С. Сарайи.)

Қол қосылса — күш өсер. («Орхон жазу ескерткіші».)

Қол мен аяқ, көз бен құлақ — бәрі де адам баласының әлсіздік шашаны. (М. Әлі.)

Кемеші Нух пайғамбар<sup>1</sup> болғанда теңіз қатты толқыса кім қорқады. (С. Сарайи.)

«Сүт ембеймін — аузымда бар отыз тіс» деген сөз бірдеу. (Құтып.)

Күш жұмсап, қорлық іздеме. (Құтып.)

Ай толық болса, айдыны әлемге көтер. (Ю. Баласағұни.)

<sup>1</sup> Нух (Тауратта — Ной) — діни ұғым бойынша, Адам атадан кейінгі төртінші пайғамбар (Құранның 71-сүресінің аты). Атақты «Тонап су» қаптаған кезде ол бір жылдай немо басқарын, жүзін жүріпті-міс. Демек, ол — теңіз толқынынан қорықпайтын адам болған.

Кисенді кісі қаша алмас — айдаған жаққа жүреді. (Ю. Баласағұни.)

Күмсақты қию оңай,  
Күқаны жию оңай. (Орхон жазу ескерткіші.)

Касқа тісі өтпеген — жалайды. (М. Қашқари.)

Кү ағысы тартылса — жас жапырақ қурайды,  
Адамдардан күш кетсе — жат кісіге бағынады. (Орхон жазу ескерткіші.)

Күштіменен алысқан өлсіз өз қолын сындырады. (С. Сарайи.)

#### ЖАУ МЕН ДҮШПАН

Кзара дүшпан қатыспай — басылады тасуы,  
Кзара дүшпан көріспей — азаяды ашум, (Ю. Баласағұни.)

Кзуды төмен санасаң — басқа шығар:  
Кзай қалдырсаң елемей өз жауыңды —  
Кзулар өлді, шағын бір күн тауыңды. (М. Қашқари.)

Кзуннаның көзі жаманнан басқаны көрмейді. (С. Сарайи.)

«Аз екен» деп жауыңа мүрсат берме. (Кұтып.)

Кз дүшпанның мекенбеген азғантай отты өшірмей кеткен адамға ұқсай-  
ы. (С. Сарайи.)

Кз ауыңды «күл қылам» десең — алтынмен алтан таста. (Ю. Баласағұни.)

Кзуннаның өлсе — қуанба, өзің де өлесің. (Кұтып.)

Кзуннаның біреуі өлсе — қуанба, жұрттың бәрі де өледі. (Корқыт.)

Кз тырай қашса жау оңбас. (Ю. Баласағұни.)

Кз оқиары бар жауға темір қалқан сайла. (Ю. Баласағұни.)

Кз ғылы жатпен бір отырма. (Кұтып.)

Көңіліңді берсең, жаныңды алуды ойлайтындар бар. (Кұтып.)

Күңдайған жау өлімге бетін бұрар. (Ю. Баласағұни.)

Кісі аласы — ішінде,  
Кыңқы аласы — сыртында. (М. Қашқари.)

Кзасыңның қасында сыртыңды айтна. (Кұтып.)

Кзүгін атар оғың болса, ертең жауың оқ ато алмайтындай қыл. (С. Са-  
райи.)

Кз жу көргенде алып ер арыстан болар. (Ю. Баласағұни.)

Кз іні күйген дүшпан не болса сопы айтады. (С. Сарайи.)

Кзаныңа кешпей жау жеңбес. (С. Сарайи.)

Кз ру-жарақ табылса, қарманын мінер табылар. (А. Үзгінеки.)

Кзашқан ел қара жарға да қарамас. (М. Қашқари.)

Кз ауыт күні — қылышпен қылшылдатып ұрғанда,  
Кз атты күні — жігітті алып шығып тұрғанда. (Корқыт.)

Кз дүшпансыз өрдің аты шықпас. (Ю. Баласағұни.)

Кз деп жауды айма. (М. Қашқари.)

Кз жулар атын жаратса — жинала бер. (Ю. Баласағұни.)

Кз айран отыр қылышыңды, ісіті бағын жауыңды,  
Кз келе қалса, қарсы тұрғын қылың қолды қауымды. (М. Қашқари.)

Кз іріген мақтадан мата шықпайды,  
Кз ескілікті жаудан дос шықпайды. (Корқыт.)

Кз жуың болса көп болсын — атының тезегін пайда қыласың. (М. Қаш-  
қари.)

Өлген әскердің орынын тірі әскер басады. (*Рашид-эд-дин.*)

Жаумен жағаласа түсу оңай, ажырасу қиын. (*Рашид-эд-дин.*)

Қалың жау қантан келгенде, жүздыаға қарап<sup>1</sup> жауаңдамас болар. (*Рашид-эд-дин.*)

Дұшпанның көкірек қаққанынан қам жеме,  
Оның мақтау-қошаметін шын деме. (*Ә. Науаи.*)

Дұшпан не демейді,  
Түске не кірмейді. (*Бабыр.*)

Кұл — жау сияқты,  
Ит — бөрі сияқты. (*М. Қашқари.*)

Досының үйін сыпыр, бірақ жауыңның есігін ашпа. (*С. Сарайи.*)

Досыңа, ол жау болып кеткен күнде де залал тигізе алмайтындай етіп жақсылық жаса. (*С. Сарайи.*)

Дұшпан алдында алданба — ол тұзақ құрып отырады,  
Жарамсақтың мақтауына мастанба — ол құжқынының қамып ойлап қатырады. (*С. Сарайи.*)

Осал көрін көп дұшпанның дүрмегіп,  
Бос үмітпен қаны қалып жүрмегіп. (*Ю. Баласағұни.*)

Ойлап сөйле, қой бөспелік осыңды,  
Бос сөз көйін бұқтырады басыңды,  
Бір дұшпанды аз екен деп ойлама,  
Көп көрмегіп мың да болса досыңды. (*А. Үзгінки.*)

Дұшпанға қару сайласа — той болады,  
Дұшпан жайып ұмытқан қой болады. (*М. Қашқари.*)

Көптеп — көп шығып шығады,  
Аздап — аз шығып шығады<sup>1</sup>. («*Монгол құпия шежіресі*»).

Қарға кәрісіп кім білер,  
Кісі аласып кім табар. (*М. Қашқари.*)

Жәрдемсіз ер жау жеңбес. (*М. Қашқари.*)

Арпасыз ат қыр аспас,  
Жәрдемсіз алып жау жеңбес. (*М. Қашқари.*)

Жауға жақын тұрма — қаныда қаласың. (*Ю. Баласағұни.*)

Амалы таусылған дұшпан шын достыққа көшеді. (*С. Сарайи.*)

Жау сөзінен сақтан: айтқандарын кері істе, оңға жүр десе — солға жүр. (*С. Сарайи.*)

Жау ақылын тыңдауға болады, алуға болмайды. (*С. Сарайи.*)

Жыланның басын жаудың қолымен мыжы. (*С. Сарайи.*)

Бітеу жара (кек) білінбей тұрмайды. (*Бабыр.*)

Қашқан жауды көп қума. (*Ю. Баласағұни.*)

<sup>1</sup> Оңгіме соғыс кезіндегі жағдай туралы болып отыр.



<sup>1</sup> Кейбір елдердің салтында жорыққа шығар алдында жүздыағашқа бал аштыру әдеті болған.



## «ЖАҚСЫ» МЕН «ЖАМАН» ЖАЙЫНДА

### ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Жамаандық қылғанға — жақсылық қыл. (А. Иүзінеки.)

Жақсылығы жоқтан жақсы бақыт қанады. (М. Қашқари.)

Бөрілікті қойып, қойшылыққа баста. (Құтып.)

Бәле іздеп келме,  
Ізгілік іздеп кел. (М. Қашқари.)

Ізгілік істі судың алғына таста да, басынан ізде. (М. Қашқари.)

Күле сойлесе — күллі тілек айтылар. (Ю. Баласағұни.)

Мінездің көркі — ізгілік. (А. Иүзінеки.)

Дүние бірде бал береді, енді бірде у береді:  
Күлім қағар бұ дүние, ым жасар,  
Өз қолымен балын беріп, у қосар,  
Ең әуелі бал жегізіп дөңдетіп,  
Іле-шала сол төстақпен зәр тосар. (А. Иүзінеки.)

Бұ дүние опасыз ғой бәрінен,  
Рахаты тез айрылар әрінен.  
Қайда балы — сонда арасы бір жүрер:  
Балдап бұрын татып көрші зәрінен. (А. Иүзінеки.)

Жасай бұл жамап іске жақсылықты,  
Игі істің осы болар басм мықты.  
Біреуден бір жақсылық көре қалсаң —  
Еселен қайтар (қылмай асылықты). (А. Иүзінеки.)

Жарытқа кем-кетікті, жәрдемге ұмтыл,  
Азағ бас сондай жанға болады құл. (А. Иүзінеки.)

«Ер қайыры текке көтпес» де мейлі,  
Жамап істі өпкім «жақсы» демейді.  
Үміт етпе, жамап істен жақсыдап —  
Тікен өкпек жүзім теріп жемейді. (А. Иүзінеки.)

Өш алу мен кек алу — міндет болды бұ жұртқа,  
Қанша келсе қолыңнан — жақсылық қыл, қыжыртпа. (М. Қашқари.)

Ізгі адам қанша жасаса да, қартаймайды,  
Ессізге қанша құрмет көрсетсең де дарымайды. (Ю. Баласағұни.)

Тәтті өмірдің сұрауы — қатты. (Ю. Баласағұни.)

Ізгі істің найдасын өсендемес болар. («Алтын шежіре».)

Үш нәрсемен қоңсы қолба:  
Күйдірет отпен;  
Ағызар сумен;  
Атақты өкіммен; (Ю. Баласағұни.)

Бұл өмірдің балында ара бар — сақтап. (Құтып.)

Жаза тимес мерген болмас,  
Жаңылмас көреген болмас. (М. Қашқари.)

Не өксең — соны орасың. (Ю. Баласағұни.)

Алуа қанша тәтті болса, запыраны сонша ащы болады. *(Құтып.)*  
Ара қанша бал берсе де, зәрін бір төкпей тұрмайды. *(Құтып.)*  
Ізгілік тілесек — игі жақсылармен жолдас бол. *(Құтып.)*  
Алтын, күміс, оманда таспен бірге жүреді. *(С. Сарайи.)*  
Ізгілік тілесек — ізгі бол. *(Құтып.)*  
Екі тәтті бір жерден табылмайды. *(Құтып.)*  
Кісінің көңілі тазаға тартады. *(Р. Хорезми.)*  
Ел ішінде ізгілік жолы — қиын жол. *(«Жору кітабы».)*  
Күнәлі жан ылғи жақсылық күтеді. *(С. Сарайи.)*  
Ізгілік ескірмейді де, бұзылмайды да. *(Ю. Баласағұни.)*  
Ізгіліктен басқа таусылмайтын, бұзылмайтын байлық жоқ. *(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)*  
Ізгілік үдікпейді, қартаймайды,  
Өмірі ұзақ, атағы ортаймайды. *(Ю. Баласағұни.)*  
Еадікті көріп, игі іс бұзылады. *(Ю. Баласағұни.)*  
Жақсылық пен жамандық бір жүреді. *(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)*  
Сайтан сүйгенді құдай сүймейді. *(Ю. Баласағұни.)*  
Ізгілік киімге қарап болмайды. *(С. Сарайи.)*  
Құрма ағашын жаратқан құдай тікенді де жаратқан. *(Құтып.)*  
Тікөңсіз құрма тәтті болмас. *(Құтып.)*  
Жақсы ессізге тартпайды,  
Тезек қарда жатпайды. *(М. Қашқари.)*

Қуаныш барда қайғы бар,  
Құрма бар жерде тікен бар,  
Қазынада жылан бар,  
Бал бар жерде ара бар. *(Құтып.)*

Жасырын жаман іс істегеннен төрі әйгілеп қайыр сұраған жақсы. *(Құтып.)*

Жамандық қылсаң — жауабы өкініш болар. *(Ю. Баласағұни.)*

Ез игімен жараспас,  
Тұзу қисықпен қараспас. *(Ю. Баласағұни.)*

Жаңылған кісінің ісі бітпейді. *(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)*

Өзін кісіге көрсету айып емес. *(С. Сарайи.)*

Кісіге деп жақсылық ексең — соны орасың,  
Көзеге не күйсең — соны ішсең. *(С. Сарайи.)*

Жана көрмей жақсылық жоқ. *(Мажлисий.)*

Жақсы іс көп жасайды. *(Ю. Баласағұни.)*

Адам баласы зарыға бермейді,  
Ит баласы зорыға бермейді. *(М. Қашқари.)*

Жақсы істі шамаң келгенше қолыңнан көбейт. *(М. Қашқари.)*

Жамандық қылсаң — бала күт:  
Бәріне де зауал бар. *(Рашид-эд-дин.)*

Жақсылық қыла алмасаң, жамандық ха жасама. *(Ә. Науаи.)*

Іс насырға шапқанда өшкім де қол ұшын бермейді. *(Рашид-эд-дин.)*

Жамандық келсе қолыңнан — дүниңаныңа жасама: о да бір күн дос болар. *(С. Сарайи.)*

Кесек атқанға — тас ат. (Құтып.)

Өз айыбыңды өзгеден іздеме,  
Кісі айыбын көздеме. (Құтып.)

Құлап бара жатқанның қолынан ұста. (Құтып.)

Тайып бара жатқанға таяныш бол. (С. Сарайи.)

Кісіге не істесең — басыңа сол келеді. (Құтып.)

Қайыры бар істің басы кетсе, аяғы да кетеді,  
Егер оның алды келсе, арты да жетеді. (А. Нүсіеки.)

Жар басына диірмен салсаң, жандәрменде жар құлар. (М. Қашқари.)

Пайдасыз дау мен күліден сақтан. (А. Нүсіеки.)

Жақсы іс — жырттық тонымен де жарамды,  
Гүл — жамау шапанымен де сүйкімді. (Ә. Науаи.)

Ер адам барлық жерде де бірдей күн сияқты көрініп тұрмайды. (Қ. Жалаири.)

«Жақсы-ау!» — деп ойлағаныңның бәрі бірдей дос емес,  
«Жаман-ау!» — деп ойлағаныңның бәрі бірдей қас емес. («Алтын шежіре».)

Кірді сумен жуады,  
Суды немеп жуады? (Ю. Баласағұни.)

Сасыған сумен жуымба. (М. Қашқари.)

Сұрау — оңай, жауап беру — қиын. (Ю. Баласағұни.)

Жақсыға жаман дос емес. (Ю. Баласағұни.)

Жақсымен талас,  
Жаманға жуыма. (М. Қашқари.)

Құстың жаманы — сауысқан,  
Ағаш жаманы — шомырт,<sup>1</sup>  
Жер жаманы — ор,  
Ел жаманы — барсған.<sup>2</sup> (М. Қашқари.)

«Жаман» деген атың шыққанға дейін жаман ойлы адаммен бір жүрме.  
(Құтып.)

Жақсы кісіден жақсылық көлер. (Ю. Баласағұни.)

Жаманға қол ұсынғып, жақсылық қылсаң, ол алдыңнан барыңды тартып  
алуға тырысады. (С. Сарайи.)

Жаманмен жолдас болма. (С. Сарайи.)

Ақылмақпен дос болма. (М. Әлі.)

Жаманға жуыма — қанша таза болсаң да кірлеп кетеді. (С. Сарайи.)

Жаманды жуытпа, жаныңа жамандық әкеледі. (Ю. Баласағұни.)

Жаманға да жақсыға  
Жауап келер кешікпей. (А. Нүсіеки.)

Жаманның жаманы — уәде бұзған. (Ю. Баласағұни.)

Мезі қылса да май жақсы,  
Күйдірсе де күп жақсы. (М. Қашқари.)

Ақылмақ болса да серік жақсы,  
Қисық болса да жол жақсы. (М. Қашқари.)

Естігеннен көрген жақсы. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Оңайда бал жоқ. (Көне қыпшақ ескерткіші.)

<sup>1</sup> Шомырт (ботаникалық термин) — тікенді бұта (қара көк жемісі бар тікенді бұта).

<sup>2</sup> Барсған — М. Қашқари атап көрсететін көптеген түрлі тайпаларының бірі.

Жүрдәй бөн қиындық көрмей байлыққа қол жетпейді. (С. Сарайи.)

Ауру мен жолаушы қамын жол қиындығын көрген біледі. (С. Сарайи.)

Жамандық істен «ішаманшылықтан құтылам» деме зауалдың келуі — табиғаттың заңы. (Бабыр.)

«Оның кешірім сұрағаны қылмыс істегеннен де жаман» — деген мақал бар. (Бабыр.)

Жай оғының масағын суырын алуға болады, бірақ орны қалады. (С. Сарайи.)

Дүниеде мың кемістік, бір жетістік бар: қайсымына бет алсаң сонысына барарсың. (Ю. Баласағұни.)

Гүл бар жерде тікен бар,  
Шарап бар жерде соған құмарлық бар,  
Қазына бар жерде жылан бар,  
Інжу (дүр) бар жерде пәһан бар. (С. Сарайи.)

Жаман қылық — ауыр жүк.  
Жаман қылық өз дұшпаны істемегенді істейді. (Ю. Баласағұни.)

Өз пайдаңды ойлама — ел пайдасын ойла,  
Ел пайдасын ойласаң — өз пайдаң соның ішінде. (Ю. Баласағұни.)

Қиын түсер қылышты мұқалтқанша, шаппаған жақсы. (Қорқыт.)

Шамаң келсе ізгілік істе,  
Ізгілік пен әділдік өлмейді. (С. Сарайи.)

Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі — жақсы мінез, екіншісі — жақ-жақсы сөз. (Ю. Баласағұни.)

Ат жемейтін ащы шөптің біткенінен бітпегені игі,  
Адам ішпес ащы судың ақданынан ақпағаны игі,  
Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны игі,  
Жалған сөздің болғанынан болмағаны игі. (Қорқыт.)

Жақсы адам алғыс алар,  
Ақымақ жап қарғыс алар. (Ю. Баласағұни.)

Бойың қиың болса па ойың түзу болсын. (Ю. Баласағұни.)

Адамның жаманы — мылжық, жақсысы — жомарт. (Ю. Баласағұни.)

Су бермеске сүт бер. (М. Қашқари.)

Жайсаң жап қартаймайды,  
Азығы бар жолаушы шаршамайды. (М. Қашқари.)

Ізгілік қыл — ізгілік көп кісіде,  
Әсерлі гой ізгілердің ісі де. (Ю. Баласағұни.)

Ізгілік қартаймайды:  
Ізгілік іс кетер талай заманға,  
Сүйрегеннің пайдасы жоқ жаманға. (Ю. Баласағұни.)

Бос қалмайды ізгіліктің сауабы,  
Ізгілікке — ізгілік қой жауабы,  
Ісіне сай жайсаң менен қасқапың,  
Кісілік қыл мәрттігіне басқапың,  
Қарым қайтар қызметі асқанға,  
Болып әділ атың шықсын аспанға.  
Ей, падишам, жақсылықтан жалықпа —  
Соған орай ізгі болар халық та.  
Ей, падишам, елден оңбек аяма,  
Елді сақтап, ақыл-оймен аяла. (Ю. Баласағұни.)

Ізгілік іс бәрін де жеңеді:  
Бұзар болсаң екі жалған қамалын —  
Ізгілік қыл жеңетұғын амалын. (Ю. Баласағұни.)

Ізгіліктің өсте мұрты сымбаған:  
Ісі игіге алғыс жауар мырдаған.  
Малың шаппып, үлестіріп жегіз де,  
Сау кезінде ізгілікті негізде. (Ю. Баласағұни.)

Аралас жүр, ішінде бол ізгінің,  
Сонда ұстайсың кісіліктің тізгінін.

Сырттап жүрсең — сол әбестік болады,  
Нұрлы жүзің, өкінішпен солады. (Ю. Баласағұни.)

Бар жақсыны ардақ тұтып көтергін,  
Бар жаманды қу, алдыңнан кетіргін.  
Жаман емес, жақсы әдетті ойбатта,  
Туын күнің, жансым бағың — жай жатпа. (Ю. Баласағұни.)

Жақсының тілегі таусылмайды,  
Жаманның мұңы таусылмайды:  
Адам күнде жаңа тілек тілейді,  
Жаман күнде мыңдап қарғап-сілейді. (Ю. Баласағұни.)

Жақсы әдетті қудалаған — бопсалар,  
Бір күндері аяқ асты боп қалар. (Ю. Баласағұни.)

Жаман адаммен бірге ғұмырыңды зал жіберме. (С. Сарайи.)

Өзің жаман болып, жұрт «жақсы ғой!» дегенше, өзің жақсы бол — жұрт  
«жаман» деп айта берсін. (С. Сарайи.)

Қиянат қылған адамның жауап бергенде қолы дірілдейді. (С. Сарайи.)

Жауһар (инжу) қабыршағынан (сәдептен) бөліп алғанда өте қымбат  
болады. (С. Сарайи.)

Шырын қайда — сонда дәмсіз су да бар,  
Әр тәттінің артында ащы у да бар.  
Тәтті тірлік ащы өлімге баратын,  
Жарқын күнім тылсым болар қара түн. (Ю. Баласағұни.)

Біреу күле — бетіне күл шашпағын,  
Жылы жүзбен күле қара, саспағын. (М. Қашқари.)

Біреу күле қараса — жылы жүзбен таста көз,  
Сақта тілді жаманнан, жақсы тілек баста сөз. (М. Қашқари.)

Басқа қиын іс түссе, «өтеді» де сіресіп,  
Уақыт ісін бөліп тұр, иініне қарай күресіп. (М. Қашқари.)

Қор қылады — жаман іске жуыма,  
Ол бір — жылан күйдіретін уына. (Ю. Баласағұни.)

Бұл өмірге келген соң — жақсылық қыл,  
Жаман істі жамандарға ғана қалдыр. (С. Сарайи.)

Тәттінің дәмсізі бар,  
Балдың уы бар.  
Көтерілген құлайды,  
Биіктеген төмен түседі. (Ю. Баласағұни.)

Көп күлген ақыры бір жылан алар,  
Қаншама сарай салсаң — құлап қалар. (Ю. Баласағұни.)

Түк пайдасыз үш нәрсе бар — пайымда,  
(Тыңдасаңыз) айтам солар жайында:

Бірі — жаман тоңмойындық, құлықсыз,  
Бірі — жаман сөзбен лағу құрықсыз.  
Тағы бірі — ең жарамсыз, надандық,  
Үшеуі де — надан ісі қараңдық.  
Мінез-құлық болса ұнқалақ — жер өтер,  
Барлық ісі құт болса да кер кетер.  
Ашық қоңіл құтқа бейім жанасар,  
Салмақтылық білімдарға жарасар.  
Ізгі мінез көрсетеді келісті ер,  
Оның ісі күнде жанын өрістер. (Ю. Баласағұни.)

Мәнменсініп жүрген кісі қоқиып,  
Күні құрып, шөгін қалар шоқиып. (Ю. Баласағұни.)

Қатаң болсаң — қинады,  
Жұмсақ болсаң — аяққа басарды. (С. Сарайи.)

Бәле әкелер рас сөзден жырақта,  
Берекелі жалған сөзге тұрақта. (С. Сарайи.)

Жамандарға рахым қыту — жақсыларға жәбір берумен бірдей. (С. Са-  
райи.)

Айламен қылған іс ажалға айдайды:  
Ақылым: айла ойламай, іске кіріс,  
Ақырын ажалға айдар айла-жүріс.  
Пайда ойлау, амал ойлау қайғы әкелер,  
Еңбек ет көп ойламай — бітсін бір іс. (А. Үзгінеки.)

Жамаң мінез үзкендерді күйдіріп, кішілерді бұзады. (А. Үзгінеки.)

Жамаң ат алғанша — жер жастан. (Ю. Баласағұни.)

Жақсы адамның құтты болар киесі,  
Қан жамаппаң — жүгәр зиян, күйесі.  
Үйір болмай, жамандардан жырақта,  
Қыл ізгілік, түзу жолда тұрақта. (Ю. Баласағұни.)

«Соқырлар көшесінде айна жасайдының» кері болып жүрмесін. (С. Сарайи.)

Ескірген нәрсе ерсі көрінеді. (Ю. Баласағұни.)

Кеуде көрмей, жақсыға бол жап қияр,  
Жақсы ісі жоқ мақтанса — құр аққияр. (М. Қашқари.)

Жамаң нәрсе — өтірік сөз, жалған тіл,  
Жамаң нәрсе — сөзден шықпай қалған, біл!  
Жамаң нәрсе — ізден ішкен жаранты,  
Зан кеткен бар өмірі — харап-ты.  
Жамаң нәрсе — артық істеу, жат қылық,  
Ондай әдет көрген емес шат қылып.  
Жамаң нәрсе — нысық қылық, әрине,  
От тұтатып, бықсытатып әр үйде. (Ю. Баласағұни.)

Жасы жетпей жамаң азар шөкімдей,  
Көп жасайды — ізгі жүрер өкілдей. (Ю. Баласағұни.)

Жапа ғана келеді екен жападан  
Опа келер, бөтен емес, опадан. (Ю. Баласағұни.)

Іріген аумадан шіріген сөз шығады. (Ю. Баласағұни.)

Әйелдің дауысы қатты шыққан үйдің босағасына жақсылық күтпе.  
(С. Сарайи.)

Жұрт қанатындай қатты болма,  
Жұрт таптардай жұмсақ болма. (С. Сарайи.)

Жамаң ат алу — ерлік емес. («Кесік бас кітабы».)

Құлыңды көп жәбірлеме: қожә бұғаулаптың, құл бостандық алатын да  
күп туады. (С. Сарайи.)

Дүние бірде күледі, бірде бүледі. (А. Үзгінеки.)

Жамандық етсең — салдарына сақтап. (А. Үзгінеки.)

Жазасын тартпайтын жамандық болмайды. (Ю. Баласағұни.)

Жамандық — жалын секілді: өзін де, өзгені де жалмай береді. (Ю. Баласағұни.)

Шыңға шықсаң — құзы бар,  
Түй артынан күп көлер,  
Қуаныш көрсең — бөле бар. (Ю. Баласағұни.)

Түсі игіден — түңілме. (Ю. Баласағұни.)

Еңбек сіңірген нәрсе — қымбат көрінеді. (Ю. Баласағұни.)

Қамсыз өмір — жамаң. (Ю. Баласағұни.)

Тәттінің бәрі әдепкіде ғана. (Ю. Баласағұни.)

Жақсылыққа — жақсылық. (Ю. Баласағұни.)

Дүние бірде бап береді, бірде у береді. (Құттып.)

Адам кейде астың тек тазасын ішеді, кейде жүғыны ғана жалайды.  
(Құттып.)

Ізгі оймен ашқан есікті қатты жаппа. (С. Сарайи.)

Мәуесі қалың ағашқа тас та көп тиеді. (С. Сарайи.)

Келісті кісіге ескі киім де жарасады. (С. Сарайи.)

Ай жүзді әйелден әдемі әп әлдеқайда артық. (С. Сарайи.)

Қас қағым уақыт сайып екі жақсылық істе. (С. Сарайи.)

Жамандық қылғанға жақсылық қыл. (С. Сарайи.)

Отты сөндіріп — қозасын қалдырма,  
Жыланды өлтіріп — баласын асырама,  
Ол — ақылды кісінің ісі емес. (С. Сарайи.)

«Құр қолдан не жақсылық табылады?» дейсің депті біреу. (С. Сарайи.)

Алған теріп жегенде (бұрын жеп көрмеген адамға) жүзім де қыпқыл көрінеді. (С. Сарайи.)

Жамапқа жақсы сөз өтнес. (С. Сарайи.)

Көріксіз келінге әдемі киім жараспайды. (С. Сарайи.)

Мыңғырған малдан көрікті келбет жақсы. (С. Сарайи.)

Тәрбиесін көрген кісіде пайдаң тимесе де зияның тимесін. (С. Сарайи.)

Жана қылғанға — оға қыл. (С. Сарайи.)

Қанды қанмен жумайды. (А. Нүсіеки.)

#### ӘДІЛДІК НЕП ЗУЛЫМДЫҚ

Әділ сөз ащы болады. (Ю. Баласағұни.)

Әділ сөз ірі көрінеді. (Ю. Баласағұни.)

Ақша үшін әркім-ақ істейді,  
Әділдік үшін кім істейді? (Ю. Баласағұни.)

Құдайдың ең сүйінтісі де, ең жақын адамы да — әділ әкім,  
Құдайдың қас жауы да, ең қашық адамы да — әділдігі жоқ әкім. (Рашид-  
эд-дин.)

Құдайға жетіс жыл минакат қылғаннан гөрі бір сәт әділ болған артық.  
(Рашид-эд-дин.)

Доңыздың ісі — бір басқа,  
Диқаншың ісі — бір басқа.<sup>1</sup> (Ә. Науаи.)

Бүлікке бастар шындықтан салмақалы өтірік артық. (С. Сарайи.)

Әділдік мақсатқа жеткізеді. (Ю. Баласағұни.)

Әділ заң — аспан тірегі. (Ю. Баласағұни.)

Кімнің тозбайтыны — әділдік тоны;  
Туралық тонын ки, өтірік тонын шеш. (А. Нүсіеки.)

Күәсі бар жерде дәлелі дайын. (Ю. Баласағұни.)

Күн есіктен кірсе, әділдік түндіктен қашады. (М. Қашқари.)

Әділ өмірді адал адам ғана сүре алады. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Жазмышқа мойын сұғып, бәріне көп,  
Бірақ әділ айтқайсың сөзіңді жөн. (Ю. Баласағұни.)

Әділдік жолын өзің аш. (Ю. Баласағұни.)

Туралық — хақтың мейірі,  
Туралық жолы мақсатқа жеткізеді. (С. Сарайи.)

Әділдіктің өзі кетіп, ісі қалды. (Ю. Баласағұни.)

Бейқұна адамға тіл тигізу — сау тамырды қандауырмен  
оқылаумен бірдей. (Ә. Науаи.)

<sup>1</sup> «Екеуі де (доңыз да, диқан да) жер жыртады» деген мағынада.

Әділ туған заң жақсы. (Ю. Баласағұни.)

Балам бол, басқа бол — бәріңе заң біреу-ақ. (Ю. Баласағұни.)

Әділдік — әкімдіктен де күшті. (Ю. Баласағұни.)

Алдында тұрса — жуас қойдай сені «дос» деп біледі,  
Артында тұрса — қас бөрідей, төріңді тіледі. (С. Сарайи.)

Әділдік әкімге де, әлсізге де, әркімге де — бірдей. (Ю. Баласағұни.)

Әкімшіліктен де гөрі әділет қымбат. (Ю. Баласағұни.)

Қысық жүрмей әділдіктің тонын ки,  
Сол болады бар киімнің тазасы. (А. Нүсіеки.)

Кек қайырғанша — кешірген жақсы. (С. Сарайи.)

Залыммен бірге өмір сүрген адам да залымдық жасайды. (А. Нүсіеки.)

Қайда уәде? Тағілік, сіз қайдасыз!  
Әділетсіз жерде қайыр — пайдасыз. (А. Нүсіеки.)

Әділ болып, жүр ұстамды пішінде,  
Қуаныш бар әділдіктің ішінде.  
Зейнет-рахат күткен кісі ісінен,  
Оны іздесін туралықтың ішінен...  
Әр ісіңнен әділдік ізде:  
Тағдыр жөбен дәулеттен қол үбегін,  
Әр ісіңнен әділдікті іздегің...  
Сен тілесең зор биліктің ұшпағын —  
Әділет қыл, елді зорлап қыспағын. (Ю. Баласағұни.)

Ей, патшам, көр елдің күшін ерікті,  
Тура жүрсе — өмір болар көрікті.  
Барлық істі адал қолдан өткізіп,  
Кісілік қыл шындығына жеткізіп. (Ю. Баласағұни.)

Әділ жол мақсатқа жеткізеді. (С. Сарайи.)

Әділдік келгенше қайыр кете тұрады. (А. Нүсіеки.)

#### ШЫНДЫҚ НЕН ӨТІРІК

Жалған сөз — ауру, шашпудай,  
Әділ сөз — шина, жанға жай. (А. Нүсіеки.)

Бір сөзі өтіріктің бар сөзі өтірік. (А. Нүсіеки.)

Өтірік сөзден құт қашар. (Ю. Баласағұни.)

Өтірік сөз өрге баспас. (Қорқыт.)

Жалған сөйлеген соңынан ұялар. (Ә. Науаи.)

Шын сөзге жалған сөз жалғам,  
Шын айта алатын тілді өтірік сөзбен былғам. (Ә. Науаи.)

Тағдырмы нек шешсе — де, сақал соған (өтірік) еркелер. (М. Қашқари.)

Ғайбат істің өлшеуі — өкініште. (Ю. Баласағұни.)

Жай сұраса — шындан жауап бер. (Ю. Баласағұни.)

Жаншан сату — қателік. (Құтып.)

Жақындықта өсекшіні жырылды —  
Көріп-біліп елге жар емырды. (Ю. Баласағұни.)

Жалған сөзден жақсылық күтпе:  
Екі нәрсе бір адамға келсе егер,  
Жақсылық жоқ, жамандыққа жол шегер:  
Оның бірі — керексіз сөз, ауан сөз,  
Екіншісі — жалған айтқан сөз бекер. (А. Нүсіеки.)

Шын сөзің — бал, жалған сөзің — жуадай,  
Жуа сасып бал пісін қуады-ай!  
Шын сөз — шина, өтірік сөз — кесел гөй,  
Ескі сөзден осындай ой туады-ай! (А. Нүсіеки.)

Сөзі жалған кісінің жүзі төмен. (Ю. Баласағұни.)

Төріс айтпас кісіге бәрі сенім артады,  
Аты шыққан суайтқа қалай ішің тартады! (С. Сарайи.)

«Шығам,— десең,— беделіңмен есенке» —  
Араласпа айдап саялар өсекке. (Ю. Баласағұни.)

Игілікті істі өсек бұзады. (Ю. Баласағұни.)

Бар бақытты сақта өсектен жұтатар,  
Ол кіріссе — жоқтан отты тұтатар. (Ю. Баласағұни.)

Қаш өсектеп — бар қабырғаң сөгілер,  
Ол жүргенде ар-ұятың төгілер. (Ю. Баласағұни.)

Өтірік сөз — жарақат сияқты: жазылса да орны қалады.  
(С. Сарайи.)

Шындығы бар жерді мекен ет. (Әл-Фараби.)

Өагені жұйтсаң да, өсекшіні жұйтпа. (Ю. Баласағұни.)

Өтіріншіден аулақ жүр. (А. Үзгінеки.)

Жақсының ізін өсекші бұзады. (Ю. Баласағұни.)

Отты — оттың жауына себеп,  
Өсек — достың тауына себеп. (М. Әлі.)

Пайдасыз шындықтан пайдалы өтірік жақсы. (С. Сарайи.)

#### АДАЛДЫҚ ПЕН АРАМДЫҚ

Ақ болсаң қараға жуыма: аққа қара тез жүғады. (Ю. Баласағұни.)

Көңілі қараның көңілінде қайғы тұрмас. (Құтты.)

Көңілің бақша болғанда, ақпейіл соның гүлі гөй. (А. Үзгінеки.)

Жүзінді ашық тұт,  
Алдынды жарық тұт. (Ю. Баласағұни.)

Көңілің таза болса, түнде жүрмей күндіз жүр. (Құтты.)

Қазынаға қарауыл болсаң, хас әділет қасиетің болсын. (Ю. Баласағұни.)

Арам малдың арты — азап. (А. Үзгінеки.)

Адал дүниеге есеп керек. (А. Үзгінеки.)

Адал сөзбен айтысады,  
Өсек сөзбен сыбырласады. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Адал іс істесең — адал боп өесең,  
Ақылды іс істесең — өміріңе құт,  
Қымн іс бітірсең — өмір бойы қорықпайсың. («Алтын шежіре».)

Адалдық ақыры бір көрінеді. (Р. Хорезми.)

Пасық кісінде дәулет болмас. (Қорқыт.)

Жауыздық кішкентайдан өседі. (С. Сарайи.)

Мал берген тамұқтың дә есігін ашады. (М. Қашқари.)

Опасыз адам жел сияқты: алдында құдық барда артынан итереді. (Құ-  
ты.)

Сұлулықтан адалдық оша таппайды. (Р. Хорезми.)

Пасықтарға жақсылық істеу — күнә. (С. Сарайи.)

Саудагердің пайдасы таза болса — жолда жойді. (М. Қашқари.)

Пара берген ел жаулар. (М. Қашқари.)

Пасықтап ұят сұрама,  
Зәлімнен оша сұрама. (Ә. Науаи.)

Қазына-байлықтан сенім артық. (Ю. Баласағұни.)

Арамдық кірген үйден тыныштық қанады. (Ю. Баласағұни.)

Шашың ағарса — ісіңді де ақ істеуге асық. (Ю. Баласағұни.)

Адалдық — ерлік нышаны. (Құтып.)

Бұл дүниеге сеніп болмайды. (Құтып.)

Тағдыр — опасыз, оған сенбе. (Құтып.)

Сенім болмай — іс оңбас. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Кісінің түсіне емес, ішіне қара. (С. Сарайи.)

Қайда шындық? Айрылдық па мұңдастан?  
Бір адал жоқ осы жүрген амыл достан:  
Көп кісінің іші — арам да сырты — дос,  
Өзгерді ғой бұрын бірге шыдасқан. (А. Нүсінеки.)

Жалған толы жаулық, жапа, жәбірге,  
Опасы жоқ, бәрі ұқсаған жәбірге.  
Өзің — бұзық, содан әлем бұзылды —  
Не істейсің, не дейсің бұл өмірге. (А. Нүсінеки.)

Ел тәуірі болып алды ішкендер,  
«Маскүнем» бол — осы күні ішкен де ер!  
Таза жүрген жол таба алмай торығып,  
Өсіп жүр ғой арам жолға түскендер. (А. Нүсінеки.)

Ұят кетті — білінбейді жарасы,  
Адалдықтың көрінбейді қарасы.  
Бар ма адалдық, өзі қайда бүгінде?  
Арам зат қой «адал» деген бар асы. (А. Нүсінеки.)

Арам малдың азап көлер артынан:  
Ей, малқұмар, жасап малың қайда осы?  
Бүгін — қайғы, ертең жоқ қой пайдасы!  
Арам малдың азап көлер артынан,  
Адал малға бір есеп бар жайда осы. (А. Нүсінеки.)

Байлық іздеп отқа түспе түбінде,  
Аттамағын жаттың ала жібің де.  
Кісі жібің аттама да, қап төкпе —  
Бұл есеуден қиналады жан текпе. (Ю. Баласағұни.)

Мал адал болса — есеппе кіреді, арам болса — азапқа кетеді. (А. Нүсінеки.)

Сапты аяқпен ас беріп, сабына қарауыл қойма. (С. Сарайи.)

Адалға — есеп, арамға да сұрау бар... (Ю. Баласағұни.)

«Ол менен оқ ату әдісін үйреніп алып, ақырында өлімді нысанаға алды» деген өкен біреу. (С. Сарайи.)

Насықтың жолы — тозақта. (С. Сарайи.)

#### ЕЦБЕК. ІСКЕРЛІК НЕН ОЛАҚТЫҚ

Түнде жүріп жол ұтқан — күндіз қуанады,  
Ерте үйленген — қартайғанда қуанады,  
Жаада тырысқан — қыста қуанады. (М. Қашқари.)

Ецбек ізсіз қалмайды. (М. Қашқари.)

Ерте тұрғанның құты артады. (Ю. Баласағұни.)

Әр істің басталуы ғана қиын. (Құтып.)

Ешбір іс адам баласынан қашып құтыла алмайды. (Құтып.)

Басталған істің аяғы да болады. (Құтып.)

Не ексе жерге — сол өнер,  
Не берсе — қайта соны алар. (Ю. Баласағұни.)

Құлдың құны — жұмыспен,  
Ецбегі сіңсе — тыныс кең. (Ю. Баласағұни.)

Бос жүрме,  
Босқа жүгірме. (Ю. Баласағұни.)

Сабан айдап сандалсаң, өніміне малданасың. (М. Қашқари.)

Есік баққанша нәсіп бақ. (Ю. Баласағұни.)

Саудагер малың сандалып жүрiп табады. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

«Бидай көрсетiп, арпа сатады» деген бар. (Құттып.)

Қанша түрлі іс болса да, өбiп ташпағанның ісі — өкініш. (А. Үзiнеки.)

Істің бітіміне қара. (М. Қашқари.)

Қона бізген көше де біледі. (А. Үзiнеки.)

Болар істің біткені жақсы. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Іе бітсе — дәулет кешінейді,  
Дәулетсіз билік жараспас. (Құттып.)

Түлкідей бол — ауга (торға) жуыма,  
Қояндай бол — түлкінің айласына түспе. (Құттып.)

Қалың бұлтты дауыл ашады,  
Қараңғы істі пара шетеді. (М. Қашқари.)

Кеніштар болғанша қолыңмен от кесе. (М. Қашқари.)

Іе айлаға жүреді,  
Саудагер найдаға жүреді. (М. Қашқари.)

Сауди жүрiп тұрса, саудагерге найда. (М. Қашқари.)

Алысқа барса, ояқпен оралар. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Ізге түсіңген ер өлмейді. (М. Қашқари.)

Түйеге мініп қой ішіне жасырыңбас болар. (М. Қашқари.)

Әуелі көзден ал — сосын ат. (С. Сарайи.)

Айласыз ау құрған — құс ұстай алмайды. (Құттып.)

Қара күннен ашты тойыңдыра алмайсың, кедейді байыға алмайсың.  
(М. Қашқари.)

Өзің күшің жеткенше өзің үшін алыба. (Ю. Баласағұни.)

Айласын білген кісіге арыстан да бастығар. (Ю. Баласағұни.)

Айла білген кісілер көзіңді байлап алдайды. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Іеті дер кезінде орында: кешіккен іс оңбайды. (Рашид-эд-дин.)

Іетелген істің ізі нәсіп көрсетеді. (Рашид-эд-дин.)

Бидай өгіп, арпа ормас болар. (Ә. Науаи.)

Іетелер істі шешерде келешегіне қара. (Рашид-эд-дин.)

Егілмей — өмбес,  
Тілемей — болмас. (М. Қашқари.)

Күлді үргеннен шоқты үрген игі. (М. Қашқари.)

Күлге үргеннен көзге үрген жақсы. (М. Қашқари.)

Оттың жануы — отыннан. (М. Әлі.)

Кісі танымақ болсаң — ісіне қара. (Ю. Баласағұни.)

Түсіне қарама, ісіне қара. (М. Қашқари.)

Ат арытпай мал бітпейді. (Қорқыт.)

Жолдан алаған — үй таныс. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Аттың басын ноқталап байла. (М. Қашқари.)  
Доңгелек нәрседен жүзің соғу оңай. (Құтып.)  
Сақпаңды ата білмеген өз басына тигізеді. (Құтып.)  
Қылабаған темірді соқпа. (Құтып.)  
Тырнағанмен темір таты кетпейді. (С. Сарайи.)  
Көшер болсаң, көшіңді бұрып жібер. (Ю. Баласағұни.)  
«Шыбынның қолына селебе шынақ ұстатады» дегендей... (Құтып.)  
Қайнай берген қазанда ас қалмайды. (Құтып.)  
Таяқ сүйенген адам таймайды,  
Күзгер соған ісі тоймайды. (М. Қашқари.)  
Ыдысың кіші болса, аузың кеңіт. (М. Қашқари.)  
Бір істі екі адамға танырма. (Ю. Баласағұни.)  
Шақса — тұтанар,  
Бақса — білінер. (М. Қашқари.)  
Тері сыдырып болған соң, құйрыққа шынақ сындырма (малды сойып болған соң, құйымшақты кесем деп шынағыңды сындырып алма). (М. Қашқари.)  
Кемеге мінген теңізге шығады. (Ю. Баласағұни.)  
Кұндықты көздеуі бар жерден қал. (Құтып.)  
Темірді жайлап иеді. (Құтып.)  
Бұлт көтерілес, бағбап бағын ойлайды. (Құтып.)  
Оқ нысанға ғана атылады. (Құтып.)

Тандыр ысын кеткенде нан күбеді. (Құтып.)  
Тандыр ысын тұрғанда нан жауып қал. (Құтып.)  
Жыланды құйрығынан ұстаушы болма. (С. Сарайи.)  
Оттағы қазан қайнайды,  
Көп қайнаған қазанның асы бұзылады. (Құтып.)  
Оқтың отуі тартылған жайдың кірісінен емес. (С. Сарайи.)  
Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді. (Әбілғазы.)  
Аған кессең — ұзын кес (қысқартуға жақсы),  
Темір кессең — қысқа кес (ұзартуға жақсы). (М. Қашқари.)  
Кемпір билей білмейді: «Жер тар» дейді. (М. Қашқари.)  
Аңғарғыш аңшы ауды алыстан бастайды. (Құтып.)  
Қолға түскенді қармай білмеген — қартайғанша өсінеді. (Бабыр.)  
Әр істі өз мезгілінде істеу керек,  
Мезгілімен істелмеген іс құптыма. (Бабыр.)  
Бейнет көрмеген зейнет көрмейді. (С. Сарайи.)  
Ұра білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі дәу шоқпардың  
өзі артық. (Қорқыт.)  
Тырысқанның аузы — жемде,  
Ерінненің езуі — сөзде. (М. Қашқари.)  
Аңшы қапша айла білсе,  
Аю сопша жол білер. (М. Қашқари.)  
Айламен арыстан ұстар,  
Қара күшпен тышқан да ұстай алмас. (М. Қашқари.)

Күні-түні бойра тоқитын шебер торқа да (атлас) тоқи алады екен деп ойлама. (С. Сарайи.)

Жолсыз кеткен қалаған жерімен жүреді. (А. Пүгінеки.)

Шырақ алсаң — жанатының ал. (Құтып.)

«Табыс» деген — ағып (ұрып) тұрған су,  
«Рахат құру» деген — дпірмен. (С. Сарайи.)

Суга сүңгімеген інжу термейді. (Ю. Баласағұни.)

Дем алу (тынығу) үшін еңбек етіп алу керек. (Құтып.)

«Қайырма істің дәнін жиям» десең — тікен өкпе. (С. Сарайи.)

Басым көкке жетсін десең армандап,  
Әр жұмысты біліп істе, қарма ондап.  
Әдіс-айда қолданып жүр қайда да,  
Өзі келер сонда құт та, пайда да.  
Барлық істі сарашқа сан істегің,  
Қисапненен қазынаңды үстегің. (Ю. Баласағұни.)

Не істесең де ықтият бол. (Ю. Баласағұни.)

Істі білгенге тапсыр:

Ей, бек, істі тапсыр көзі қаныққа,  
Жолмен әділ жүрерің де анықта.  
Кей бек ісін жамандарға діттейді,  
Бірақ ол іс өзі істемей бітпейді.  
Жарыққаса бағы жанған жараңды,  
Оған малай береді екен жарамды.  
Сан құбылтып көрсетерде мініңді,  
Құл береді көгертейтін күніңді.  
Ондай надан бықсытып от тұтатар,  
Түтін салып барлық істі жұтатар. (Ю. Баласағұни.)

Жүріп кетсең — жетерсің,  
Тұрып қалсаң — тынарсың. (С. Сарайи.)

Жайлы жазда қыстың қамын дайында —  
Өтер маусым сырғып күндер айың да. (М. Қашқари.)

Іспен тәуір жұрттың көңлін анық тап,  
Ол бойынды шарықсыздан аулақ сан.  
Әуелі істер жұмыс пішіні ойлап ал —  
«Керек пе, әлде жоқ па екен» деп анықтап. (А. Пүгінеки.)

Ерте тұрып, кеш жат — ұйқың қанады.  
Ерте тұрған ердің бағы жапады. (Ю. Баласағұни.)

Естің, білің істеген — мақсатына жетеді. (С. Сарайи.)

Мінген атыңды асықпай айда. (С. Сарайи.)

#### САҚТЫҚ НЕН САЛАКТЫҚ

Құлағы сақтық — ойы көң. (Ю. Баласағұни.)

Әр істе сақтық керек. (Рашид-эд-дин, Қ. Жалаири.)

Өзі сақ кісінің ісі де сақ: жарамас іске жұтмас. (Ю. Баласағұни.)

Сынамаған — алданар,  
Ойламаған — ұтқызар. (М. Қашқари.)

Айдансал жаққан от жанса, сақтықтың суын сен. (С. Сарайи.)

Керуен сайын қоңырау — жолдан адам жазбау үшін. (Құтып.)

Ғәуһар жоғалмасын десең — сенімсіздеп сақтап. (Құтып.)

Кім сақ болса, сол үстем болар. (Ю. Баласағұни.)

Қатыспай тұрып сынан ал. (Ю. Баласағұни.)

«Жалғыз отырсаң да қабырғадан сақтап — оның да құлағы бар» деген мәтел бар. (Құтып.)

Үлкен жолға қолба көрші, жақын да,  
Қырамық шалар — ойлан осы хақында. (Ю. Баласағұни.)

Болма босаң, сақта сақтың іргесін,  
Төтен бәле пектен аң жүрмесің. (Ю. Баласағұни.)

«Ажалсыз адам өлмес» деп жыланың құйрығынан ұстама. (С. Сарайи.)

Тұзаққа түсе көрме — буының өлесің. (Ю. Баласағұни.)

Қатты сақта, сырңды ешкім білмесің,  
Өз сөзіңнен өкініп, іс келмесің.  
Бар құпия ісің болып әңкере  
Көрген адам, естіген жұрт күлмесің. (А. Үзгінеки.)

Айтпа сырды, қара достың түсіне,  
Ойлап қара жанашырдың ісіне,  
Өз ішіңде сыймаған сыр, шырағым,  
Сыя ма екен сол досыңның ішіне. (А. Үзгінеки.)

Қайсыбір іс көздесе де бетпе-бет,  
Оның жайын, алдын-артын айлап өт.  
Тәуір болса — тағы толған, еске тұт,  
Жаман болса — қатты сақтап, жайлап өт. (А. Үзгінеки.)

Талайды қамсыздық құртқан. (Ю. Баласағұни.)

Өзіңнен қорқатын адамнан күші-түні сақтанып жүр. (С. Сарайи.)

#### АСЫҒЫСТЫҢ НЕН БАЫҒЫШТЫЛЫҒ

Асықпай істі байқан ал. (М. Қашқари.)

Тырыса білген балқаймақ та жасайды,  
Төзе білген піснеген жемістің алуасына да жетеді. (Ә. Науаи.)

Асығыс түбі — өкініш. (Ю. Баласағұни.)

Сабырлы жетер мұратқа. (Ю. Баласағұни, Құтып.)

Пышағынды сайламай тұрып сүйекке ұмтылма. (Ю. Баласағұни.)

Алаңсыз адам асықпайды,  
Асықпаған аман жүреді. (М. Қашқари.)

Саспаған — сұңқар ұстар,  
Асықпаған — қыран баптар. (М. Қашқари.)

Суды көрмей тұрып етіңді шешпе. (М. Қашқари.)

Асыққан іс кешігер. (Ю. Баласағұни.)

Асыққан — тез ариды,  
Жүгірін жол алмас бодар,  
Ақырын жүрген күні-түні жүрсе де талмайды. (Құтып.)

Сабырдан артық нәрсе жоқ. (Р. Хорезми.)

Шыдамсыз шыбын сүтке түседі. (М. Қашқари.)

Төзіммен тілекке жетеді. (Құтып.)

Асыққан — ақылдың ісі емес,  
Жүгіргеннің ішегі көгермейді. (Құтып.)

Шатысқан істің шын шешімі — шыдам. (Құтып.)

Көріп алмай кіріспе,  
Асыға бермей құр іске. (М. Қашқари.)

Ал өмір сабырмен өтеді,  
Ақсақ үйіне асықпай жетеді. (Құтып.)

Үйдің іргесі берік болсын десең, қабырғасын жайлап қала. (Құтып.)

Асыққан аттыдан асықпаған жану озады. (С. Сарайи.)

Асығыс істен пайда жоқ. (Ю. Баласағұни.)

Сабыр еткен кісіге жеміс те піседі, ауызға да түседі. (С. Сарайи.)

Көңіл берме — көңіл бермес кісіге,  
Асыққан кісімен жолдас болма. (С. Сарайи.)

Шақпақ тасты асығып шақпақ, тұтататын шырағың соңе береді.  
(М. Қашқари.)

Бөле келсе, «көгер» деп тозімді бол. (М. Қашқари.)

Салмақтылық — іске сәт. (Ю. Баласағұни.)

Аман жүрген кезде асығыс жоқ. (М. Қашқари.)

Тіл мен нәсіні тыя білген,  
Қасиетті бойына жия білер. (Ю. Баласағұни.)

Байсалды бір мінез керек өлеңер,  
Өмір сонда күн нұрына бөленер.  
Барлық істе әрдайым бол ұстамды,  
Ақыратып, таңдан, талдан түс-дәмді. (Ю. Баласағұни.)

Іске кіріс жай, асықпай, жөнін біліп тұрақты,  
Аптықанда «тұтатам» деп, сөндіресің шарақты. (М. Қашқари.)

Сабыр ет, қуаныш күт бөле келсе,  
Күте тұр қайғы, рөпіш ала келсе. (А. Пүгінеки.)

Жақсылықтан үміт етсең — сабыр ет. (А. Пүгінеки.)

Ошеді азап оты — кезі келер,  
Сауаптың сабыр етсең өзі келер. (А. Пүгінеки.)

Шүкіршілік қылғанның ырысы артады. (Ю. Баласағұни.)

Бол ұстамды — қатты келсе қаһарың,  
Сабыр етсең — келер шаттық баһарың. (Ю. Баласағұни.)

Айтқан өкен жайған адам атағын:  
Сабыр еткен түзер істің шатағын. (Ю. Баласағұни.)

Сабыр еткен табар тілек, сапатын,  
Сабыр еткен ұстар аққу қанатын. (Ю. Баласағұни.)

Қайғы, уайым қалмай қойса соңынан —  
Шыдамдының айы туар оңынан. (Ю. Баласағұни.)

Тура жүрін, таза болғын салмақты,  
Бар жақсылық қаумаласып жан-жақты. (Ю. Баласағұни.)

Сен шашылып іс істеме дабырмен,  
Мақсатына жетер кісі сабырмен. (Ю. Баласағұни.)

Сабыр етсең — іс байлыққа басады,  
Шүкір қылсаң — байлық асып-тасады. (Ю. Баласағұни.)

Ақылды адам нәрсесін тыя біледі. (С. Сарайи.)

Сабыр етсе — бақтары жеміс те піседі,  
Асыға берсе — балшыққа өкнетінен түседі. (С. Сарайи.)

Асығыс істелген нәрсе алысқа бармайды. (С. Сарайи.)

«Шыдай бұл, дәруін, бәріне де жетесің» денті бір білгіш. (М. Әлі.)

Ұстамсыздық — бар бәленің көзі. (Ю. Баласағұни.)

Шыдай білген зар қағып жүрін рахатқа да жетеді. (Ю. Баласағұни.)

Асыққан — тез шаршайды. (Құтып.)

#### ШАМА МЕН БОЛЖАМ

Әр нәрсенің шегі бар. (Ю. Баласағұни.)

Барлық адам бірдей емес. (М. Қашқари.)

Кілеміңе қарай көсіл. (Құтып.)

Адамның көзі — таразы. (Лутғий.)

Бес саусақ бірдей емес. (М. Қашқари.)

Көрпеннен артық көсілсең — аяғың тоғады. (М. Қашқари.)

Іш май сары май болмайды. (М. Қашқари.)

Баршын (жібек) жамауы — баршынга,  
Қаршын (жүннен тоқылған мата) жамауы — қаршынга. (М. Қашқари.)

Әр жіліктің өз майы бар. (С. Сарайи.)

Көктегі айға қолыңды созба. (Құтып.)

Біреуге алтын-күміс бер,  
Біреуге атақ-біліс бер,  
Біреуге тек жұмыс бер. (Ю. Баласағұни.)

Оп саусақтың саны бірдей болғанымен тұрқы бірдей емес. (Құтып.)

Күшіне қарай — ісі. (Құтып.)

Ішер су да шарқымен, артық інсең — зиян. (Құтып.)

Барлық істе де шамаңды біл. (Құтып.)

Шам майымен жанады — көп май шамды өшірін тастайды. (Құтып.)

Шамы жоқ үйді ұшқып жарық қыла алмайды. (Құтып.)

Өз мәртебеңнен биікке ұмтылма,  
Өз орынды біле біл. (Құтып.)

Алақаншың аясымен күннің бетін жауып болмайды. (Құтып.)

Тебегеннің артын сүзеген айырады. (Қорқыт.)

Шарап болмай тұрып, сірке суы болма. (М. Қашқари.)

Негіне қарай сақалын күзейді. (М. Қашқари.)

Барлық іеті де мысашпен іете. (Ю. Баласағұни.)

Кіріске қарай шығыс қыл:  
Кейде шығып шығар болса бір іске,  
Оның өзін шамалан ал кіріске. (Ю. Баласағұни.)

Үш нәрсе тұрақтамайды:  
Бірі — саудаға түспеген мал (дүние),  
Екіншісі — таласқа түспеген ғылым,  
Үшіншісі — саясаты жоқ патша. (С. Сарайи.)

Әр адамға сай келетін бір жұмыс бар,  
Әр жұмысқа сай келетін бір адам бар —  
Осыдан шығатын бір гибрат бар:  
Әр адам өзі білетін ісімен айналысын. (С. Сарайи.)

Табысың жоқ болса, шығатын шығыныңды азайт. (С. Сарайи.)





## «БАР» НӘРСЕ МЕН «ЖОҚ» НӘРСЕ ЖАҒЫНДА

### БАРШЫЛЫҚ НЕН ЖОҚШЫЛЫҚ

Бар — бақыр,  
Жоқ — алтын. (М. Қашқари.)

Шананы бар — су болмас,  
Сулығы бар — (ат) төспібес. (М. Қашқари.)

Білінген із біреудің жүргенін білдіреді. (М. Қашқари.)

Жоғалған затты жоқтама. (М. Қашқари.)

Бөтендікі — сенікі емес. (М. Қашқари.)

Сұм жоқ арықтан қол жууға болмайды. (Ө. Науаи.)

Гасы бос заттың иесі болмас. (М. Қашқари.)

Жетім бала өз кіндігін өзі кеседі. (Әбілғазы.)

Талқаны бар адам оған тәтті<sup>1</sup> қосын та жейді. (М. Қашқари.)

<sup>1</sup> Тәтті бұл жерде «бекме» (жүзім шырыны) деген мағынада қолданылып тұр.

Көсеуі ұзын болса — қолы күймейді. (М. Қашқари.)

Алдырған — анасының қойнын ашады. (М. Қашқари.)

Бір кіріштен үй салмас. (Көне қыпшақ ескерткіші.)

Егір<sup>1</sup> болса, ер өлмес,  
Андыз болса, ат өлмес. (М. Қашқари.)

Қажет кезде бір тал шоп пілдей көрінер. (Ю. Баласағұни.)

Бар болғанның белгісі — тугандығы. (Көне ұйғыр ескерткіші.)

Міндет бар да — орындалған ісі жоқ,  
Үміт бар да — іске асырар кісі жоқ. (Ю. Баласағұни.)

Әр тастың бөлек-бөлек белгісі бар. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Бір-бірлең мың болады,  
Тама-тама қол болады. (Ю. Баласағұни, М. Қашқари.)

Шолдегенде сағым да су боп көрінеді. (М. Қашқари.)

Есенеіз — байлық жоқ,  
Азаңда барың — кеніке жоқ. (Ю. Баласағұни.)

Шарығы болса — адамның алғы ауырмас,  
Тоқтымы болса — атының арқасы алынбас. (М. Қашқари.)

### БАҚЫТ НЕН БАҒИСЫЗДЫҚ

Құт келгенде қосақтан келеді. (М. Қашқари.)

Құтсыз құдыққа құласа, үстіне құм құйылады. (М. Қашқари.)

Болымсызға бақ қонса, ер күні жоғалтады. (Ю. Баласағұни.)

<sup>1</sup> Егір — ерге қолданылатын дәрі шоп.

Бақытта байы жоқ: о да — бір ұшқан құс. (А. Нүсіеки.)  
Толық нәрсе азалды,  
Түгел нәрсе кемиді. (А. Нүсіеки.)

Бақ пен дәулет көшпелі. (С. Сарайи.)

Бақыт қайда болса, тыныштық сонда. (Ю. Баласағұни.)

Бақ келсе — бәрі келеді. (Ю. Баласағұни.)

Күт келген қақпаға жұрт қаумалайды. (Ю. Баласағұни.)

Бағы ашылған адам бәріне де ұнайды. (Ю. Баласағұни.)

Азанда келген мал (байлық) кешке ізін табады. (А. Нүсіеки.)

Қу маңдай құдыққа құласа, құлағынан жел шіркіп көтерін  
әкетеді. (М. Қашқари.)

Талапсыздың қайғысы аз. (А. Нүсіеки.)

Талапсыздан құт қашар. (М. Қашқари.)

Суға сүйенбе,  
Жаа күшіне сенбе. (М. Қашқари.)

Күн көзінде тесік жоқ,  
Бек ісінде кесік жоқ. (М. Қашқари.)

Асқан сұлулықтан аз ғана бақыт артық. (Ә. Науаи.)

Бақ тайса, батырлық нұшайман жейді. (Рашид-эд-дин.)

Құдай құлшына бақыт берсе, оның ісі күн сайын көркейе береді. (М. Қашқари.)

Қаратаудың басындай байлық жаса да, бұйырғаннан артық ешкім ештеңе жей алмайды. (Қорқыт.)

«Тағдыр» деген нәрсе бақыттың барабанын ылғи да қаға бермейді. (Құтып.)

Әр қамалдың ашты харан<sup>1</sup> болар. (А. Нүсіеки.)

Биіктеп кетсең — құлау бар,  
Қуанып кетсең — азылау бар,  
Ү ішсең — тәтті ұнау бар. (Ю. Баласағұни.)

Толған нәрсе тозады,  
Жетілген қала жер болады. (А. Нүсіеки.)

Бүгін бар дүние — ертең жоқ,  
«Өзімдікі» — дегенің өзгеге кетеді. (А. Нүсіеки.)

Алдайды: шөкер беріп, ішкізер у,  
Ей, дана, құт — тұрақсыз, осындай қу.  
Жаңылып жабысына құт шауқайып,  
Сенім жоқ — ол қарамаз ау-жайып.  
Бақ-дәулет — бір көлеңке тыраңдаған,  
Күн бойы бір оршында тұра алмаған. (Ю. Баласағұни.)

Бу бақытқа сенбе:  
Келер, кетер демде. (Ю. Баласағұни.)

Бақыттың да басы айналар кез келер,  
Мінезі айным, құлқы сонда өзгерер. (Ю. Баласағұни.)

Құт өледі көшеттей боп тамырлап,  
Ол қонады кең пейілге мамырлап. (Ю. Баласағұни.)

Өзі мен, өзгені де тойындырған бақытты болады.  
Байлық азын ал, жей алмай кеткен бақытсыз болады. (С. Сарайи.)

Қонса бақыт, берсе құдай — әркім де  
«Тасып өрге домалатар» әр күнде.  
Қоралы қой, табын түйе, жылқыны  
Күнде сауып, тоқ жүреді құлқыны. (М. Қашқари.)

<sup>1</sup> Харан (арабша) — ойран болу, қаңыран қалу, күйреу, біту.

Адам бақытқа тоймайды. (Р. Хорезми.)

Бақытсыз күн де өтер,  
Молшылық та жетер. (Ю. Баласағұни.)

Тақыт пен бақыт бір емес. (Ю. Баласағұни.)

Бақыттың шалғайынан басып, күннен ұстап тұруға болмайды. (С. Сарайи.)

Бақысз балықшы телегей-теңізден де балық ұстай алмайды. (С. Сарайи.)

Қайғы келмей тұрып, тәтті өмірдің қадірін білмейді. (С. Сарайи.)

Бақыт — көктемгі бұлт сияқты. Ол — көрген түстей, ұшқан құстай  
өте шығады. (А. Нүсіеки.)

Байқасаң: бақыт бір жерде тұрмайды. (Құтып.)

#### БАЙЛЫҚ ПЕН КЕДЕЙЛІК

Бү дүние байлығы — шанылған жем. (Ю. Баласағұни.)

Бір жүтқан сусын таза да дәмді көрінеді. (Құтып.)

Семіздер арықтағанша, арықтар арын өледі. (С. Сарайи.)

Бақ, дәулетке мақтанба. (М. Қашқари.)

Үміт кетсе, байлық та ғайып болар. (Ю. Баласағұни.)

Көздің сұғы құраған құм сияқты: қанша дария келіп құйса  
да тоймайды;  
Наданның көңілі де құм сияқты: қанша дария келіп құйса  
да толмайды; (Ю. Баласағұни.)

Қара судан нәр шықпас қайнатқанмен. («Алтын шежіре»).

Асып-тасқан байлықты құдай да қостамайды. (Рашид-эд-дин.)

Бар байлықты жинауға тырысқан адам — бақытсыз. (Рашид-эд-дин.)

Байлық үшін отқа түспе, таспағын,  
Құмарлықтың мойнын жұлып тастағын. (Ю. Баласағұни.)

Дүниенің құлы болма. (Ю. Баласағұни.)

Дәсерің де, қазың қол да көрмейлі,  
Алтын, күміс — бәрі пайда бермейді.  
Алтын, күміс жиһан обыр көзбенен —  
Кетесің ғой өкі ақ құлаш бозбенен. (Ю. Баласағұни.)

Адам байлыққа тоймайды:  
Дүние-мал аңы судай кермек-ті,  
Қанша ішсең де сусын қапын көрменгі.  
Жиһар адам талай көкір-шүкірді.  
Ойламай-ақ «неге?» деген пікірді.  
Байып алып, болса тілек түгелдей —  
Жан береді, бәрі қалып, тұж өнбей.  
Шайы, жібек оранып ең жай ғана,  
Жер астаным жатасың ғой, ой, дана,  
Мен боп тоймай тіршіліктің ойына,  
Жатасың ғой кірін жердің қойнына.  
Қас жүйрік пен жорға мінген батыр — ол,  
Қу табытқа түсіп алып жатыр ол.  
Ойда мұны, жән көр қамып бастың да,  
Жат өкілбей қара жердің астында.  
Бол разы қандай іске, жазаға,  
Тура сөйле мойын сұнып қазаға. (Ю. Баласағұни.)

Жиюлы жатқан қазына да бір,  
Үюлі жатқан тонырақ та бір — екеуі де пайдасыз. (Рашид-эд-дин.)

Өлетін сәт жеткенде қазынаң ара түспейді. (Рашид-эд-дин.)

Адамды мүлік бұзады. (М. Қашқари.)

Жер мен көк жаратылғалы бері бай мен кедей бірге жасап келеді.  
(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Кімнің малы көп болса, соған билік оралар. (М. Қашқари.)

Маймыз жігітке қол сазбайды. (А. Нүсіеки.)

Байдың қойы желігін қасқырға соқтықса да аман қалады.  
(Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Малы көптің қайғысы көп. (Құтып.)

Түгі жоқ кедей қарақшыдан қорықпайды. (Құтып.)

Дүние көну — керегіңді ғана ал. (Ю. Баласағұни.)

Жиналған малдың түбінде бір тозу бар. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Бір жапырақ нан тапсаң — қанағат ет. (Р. Хорезми.)

Жоқ-жұтаңға — жұма намаз алданып. (Ю. Баласағұни.)

Тіске тұрып қалған етпен қарын тоймайды. (Құтып.)

Жоқшылық қолды байлайды. (Құтып.)

Жай адамға бай адамның жүгін арта. (Ю. Баласағұни.)

Байымдым деме:

Кедейлік сіңіріңе жетер,

Жетістігім деме:

Қара жер түбіріңе жетер. (Ю. Баласағұни.)

Пайда да — бір аққан су. (С. Сарайи.)

Табысы жоқтың танысы жоқ. (С. Сарайи.)

Кедейлік — кемдік емес:

Мал көздеме, ойлама азың тақ-тұғын,

Бүтін киім, ойла тамақ тоқтығын.

Бай-кедейлік қара бастың ісі той,

Деме өкемдік пайда, мүлік жоқтығын. (А. Нүсіеки.)

Байлық — басқа машақат:

Ашқоздiң — жамап әдет сертi қатты,

Өкiнiш, артында оның қайғы жатты.

Бай болу, кедей болу — тағдыр iсi,

Мал iздеу — орға әшейiн машақат-ты. (А. Нүсіеки.)

Дүниесi, малы барға жағынды ел,

Азат жанын құл қып берiп, бағынды ел.

Малсыз ердi көрмей отiп, елемей,

Көзiп жұмып, жүз үйiрiп, қағынды ел. (А. Нүсіеки.)

Пайдалы мал — жұмсағаның, берген мал.

Бермеген мал — апаратып көрге амал. (А. Нүсіеки.)

Алтын, күмiс жигандар үй салады. (М. Қашқари.)

Ашқоздiк елдi бұзады:

Ел бұзылды байлық қуып, мал жиган,

Күшiгендей өлексеге қонжиган.

Сәқтайды жұрт малын жемей қаржылап,

Сараң алтын жия берер зар далап.

Туысты емес, малды қамсыз жасады,

Жақынымен иттей ырылдасады.

Қорықпай-ақ байлығы үшiн қу жанның

Баласын да буандырар туганның. (М. Қашқари.)

Байлық — жау:

Мал-мүлiктi «жау» деп еске түйесiң,

Болса санаң, жауды қалай сүйесiң?

Жиган малың «сел ағышы» деп ойла,

Қойтастай қып домалатар несiң. (М. Қашқари.)

Дүние толмай, қолды жайғызары,

Қанағат болса — қоңіл тойғызары. (Ю. Баласағұни.)

Сатушы не сатса да — пайдасына сатады. (Ю. Баласағұни.)

Бiреудiң малын бақсаң, оның iшiнде жүрген өз малың есепке  
кiрмейдi. (М. Қашқари.)

Дәулеті бардың қолы ұзын. (Ю. Баласағұни.)

Қырық жылға дейін бай мен кедей теңеледі. (М. Қашқари.)

Бай — аз,  
Кедей — көп. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Менің күнәм — жоқшылық. (Көне қыпшақ жазу ескерткіші.)

Жанудың аты — шарық, күні — азық. (М. Қашқари.)

Пайда көздеген — өзін құл қылады. (Ю. Баласағұни.)

Теңіз «аз, көп» демей-ақ өзіне тамғанды жұта береді. (А. Пүгінеки.)

Ыстаны бүтін қайда қаласа, сонда отырады. (М. Қашқари.)  
Байысаң да өлетұғын кез жетер,  
Сонда саған екі-ақ құлаш бөз жетер. (Ю. Баласағұни.)

Өлгеннен соң бай мен кедей арасы,  
Теңеледі жер қойшында, қараты! (Ю. Баласағұни.)

Тасыған байлық қартайтып құртар. (Ю. Баласағұни.)

Байлық іздеп, мақтан тілеп жортқанда —  
Жарасады кісілігі артқанға. (Ю. Баласағұни.)

Сен тілесең дүниенің байлығын,  
«Тура сойлау керек» деген жайды ұғын. (Ю. Баласағұни.)

Бір адам мол дүние жинады, бірақ інін-жемеді,  
Бір адам ғылым мен білім үйренді, бірақ оны іске асырмады —  
өкеуі де онық жеді, өйткені олар сөр башыққа бидай еккендей  
болды. (С. Сарайи.)

Көп жинаған дүниеден көрікті түс жақсы. (С. Сарайи.)

«Еңкім мені мазаламасын» десең; кедейге қарыз бер, байдан қарыз  
сұра, сонда олардың ешқайсысы да саған жоламайды. (С. Сарайи.)

Тауған ханшыл<sup>1</sup> торқасы көп, сонда да өлшемей кеспейді. (М. Қашқари.)

Шапаны жоқтың шалғайынан ұстамас болар. (С. Сарайи.)

Байығанда бас имес, ол — адамның әлсізі. (Ю. Баласағұни.)

Кедейліктің шоқтығы —  
Ертеңгі астың жоқтығы. (А. Пүгінеки.)

Тіленшіге мың жаңғақ бер, сүйене жүрер таяғын қоса бер. (М. Қашқари.)

Дуанадан жаңа айдың қашан туганын сұрама. (Лутғий.)

Қара күшпен байлық жимайды,  
Тек тілекпен бек болмайды. (С. Сарайи.)

Шалқым дәулет, бақыт қонса — тасыма,  
Жақсылық ет, жамандық қып жасыма. (Ю. Баласағұни.)

Бос жіберме өміріңді — шалып қал,  
Кетер күшпен керегіңді алып қал. (Ю. Баласағұни.)

Қандай игі жүрсе дәулет ілесіп,  
Ол тозбаса, қаужай берсек үлесіп. (Ю. Баласағұни.)

Бір адамға дәулет келіп, бақ қонса,  
Кішілік жөн, жараснайды мақтанса.  
Дәулет қонып, шығып жатса атағың —  
Кішік көңіл арқанымен матағып. (Ю. Баласағұни.)

Бос кеуделер көрсе дәулет шіркінді —  
Тістей қатар бос жібермей бір күнді. (Ю. Баласағұни.)

Надан іздеп, дәулет тапса — тапқаны-ақ,  
Ол жарасар білімдіге нақпа-нақ.

<sup>1</sup> М. Қашқари еңбегінде тауғач сөзі ел, мемлекет атауы ретінде жұмсалады, тағ, тауғач деп кейбір нары, түркі (ұйғыр) халықтары да атай береді.

Жарасқанда дәулет келін наданға,  
Білімдіге келіспей ме одан да. (Ю. Баласағұни.)

Қорлық көрмей байлық келмейді (С. Сарайи.)

Құр қара күн ештеңеге жарамас,  
Ақшалы адам қара күнге қарамас. (С. Сарайи.)

Ғұмыр дүние-мал жинау үшін емес, мал-дүние ғұмыр рахаты үшін керек. (С. Сарайи.)

Ақылды ердің көзін ақша байлайды,  
Қыз тұзаққа құс құжығынн ойлайды. (С. Сарайи.)

Бір адам машақатпен мал жинады,  
Біреу оны олжалап, шалжыды. (С. Сарайи.)

Бір ақылды кісі айттыты: «бір ақша жүз елу батпан  
қара күштен әлдеқайда пайдалы». (С. Сарайи.)

Ұлдың күні күн емес,  
Атадан мал қалмаса,  
Ата малы пайдасыз,  
Баста дәулет болмаса. (Қорқыт.)

Дәулетті ұл — ошақтың қоры (байлық көзі),  
Дәулетсіз ұл — атаның қоры. (Қорқыт.)

Ботен кісінің малы мал болмайды. (М. Қашқари.)

Атлас кесең — бөліңді ұмытпа. (А. Үйсінки.)

Күтімді кісі тез қартаймайды. (М. Қашқари.)

Құрап — тіл ұшында,  
Алтып — жақ ішінде. (С. Сарайи.)

Мүсәпірдің ақмын жесең — күйдіріп жібереді. (С. Сарайи.)

Шекпен қанша тозса да, жаңбырға кнөге жарайды. (М. Қашқари.)

Қайырыш тілеп алып науды үйеді,  
Соғ үшін беделі мен жаң күйеді. (С. Сарайи.)

Күйсізден — құт қашады. (М. Қашқари.)

Жарлы адам жалғанып адамның үстіне ештеңе жаба алмайды. (С. Сарайи.)

Пақыр адамның күдіретті қолы байлаулы болады (жоқтық жомарт ердің қолын байлайды). (С. Сарайи.)

Бай кісіде ақша көп болғанмен, ізгі ниет жоқ болады. (С. Сарайи.)

Байлардың сыйлығынан кедейдің сабыр еткені артық. (С. Сарайи.)

Өмір сатылатын болса, байлар олмес еді,  
Өмір үшін ақша төлейтін болса, тек қапа кедейлер олер еді. (Ю. Баласағұни.)

Алтынның (яғни қазына) өлтірген адамы аз емес. (Ю. Баласағұни.)

Алтын сырға жулақты ауыртады,  
Алтындаған етік аяқты ауыртады. (Ш. Сұлеймен.)

Көп болған нәрсенің дәмі кетеді,  
Аз да болса — сазы жақсы. (Құтып.)

Қазына-байлық ең алдымен михнат әкеледі. (Құтып.)

Мас болса бақтан жігіт, жастығынан,  
Ол — жаман нағыз шарап мастығынан.  
Шарапқор мас боп қалса ішін шарап —  
Кетеді бір ұйқымен бәрі тарап.  
Мас болса дәулетіне — жарамайды,  
О мастық өле-өлгенше тарамайды.  
Мас болса дәулетіне кім егер де —  
Дөңбекшіп жата алмайды қара жерде.

Күмннген атаққа мас пақырың да  
Көреді көр азабын ақырыңда. (Ю. Баласағұни.)

Алыс-жақын арасын ақша шешер күн бөләр:  
Әділ іске бүгінде кім қарасын —  
Ақша шешті алыс-жақын арасын.  
Жүрт ақшаның құлы болды, қағынды,  
Қалғалыға мойынсұнды, жағанды. (Ю. Баласағұни.)

Төре мен қара бір жерде теңеледі:  
Екеуі де о жалғанға жалаңаш кетеді. (Ю. Баласағұни.)

Көңілі кедейді байыта алмайсың,  
Ойы жұтаңды тойдыра алмайсың;  
Ойы жүдеу — құдай оны қойды ұрып,  
Зорласаң да болмас бай қып, тойдырып. (М. Қашқари.)

Кісінің кедейге де ісі түседі:  
Кедей қол, қол артады ісі барға,  
Түседі саған ісі, еси — оларға.  
Әділ бол, мейіріммен — бітсін ісі,  
Болады сонда жақын барлық ісі. (Ю. Баласағұни.)

Шөлдiң құмы інжу боп кетсе де, тілемсөктің  
көзі тоймайды. (С. Сарайи.)

Жап тынаныңғы мен кедейлік бір жерге сиыспайды. (С. Сарайи.)

Ақша ақылды адамның да көзін түндырады,  
Аниқоздік ұнқан құсты да торға түсіреді. (С. Сарайи.)

Байлық — нағыз дүшпан. (Ю. Баласағұни.)

Кедейдің (сатайын деген) отынын күшпен зорлап арзанға  
ажады. (С. Сарайи.)

#### АНТТЫҚ НЕМ ТОҚТЫҚ (АС НЕМ ТАҒАМ)

Аш адамның тоқпен ісі жоқ,  
Тоқ адамның ашпен ісі жоқ. (Орхон жазу ескерткіші.)

Ас жоқта анықсаң, табиқты да жөн көрсең. (Құттып.)

Аш — не жемес,  
Тоқ — не демес. (М. Қашқари.)

Інін, жөн аш та тойынар. (Ю. Баласағұни.)

Бір тойған — екі күн тоқ жүреді. (Ю. Баласағұни.)

Бір тойған — аштықты ұмытады. (Орхон жазу ескерткіші.)

Атан жүгі ас болса да, ашқа аз көрінер. (М. Қашқари.)

Қарың қабысқан аш болса, біле тұра у ішеді. (Ю. Баласағұни.)

Тоқ өскен — тез қартаймас. (М. Қашқари.)

Дүниенің тоқтығы — тоқиналықтың жоқтығы (дүниенің тоқтығы — аш-  
тық.) (Ю. Баласағұни.)

Көп сағанаштың бір сүйініші бар,  
Көп аштықтың бір тоқтығы бар. (Ю. Баласағұни.)

«Аш болып тірі жүргенше, тоқ болып өлген артық» — денті  
біреу. (С. Сарайи.)

Жоқиналықта мешкейдің жаны шағар. (Құттып.)

Қарып тойса, дене босаң тартады. (Ю. Баласағұни.)

Аш адам — әлек,  
Онымен тоқтың ісі жоқ. (М. Қашқари.)

Шөндеген ер суға жетсе, алдында аждаһа тұрса да қорықпайды. (С. Са-  
райи.)

Қатты шолдеген қатықты да су көреді. (Құтып.)

Көзі қарайып аш жүрген адам өзгешің қарнын тойдырмас. (М. Қашқари.)

Аш — асығыс,  
Тоқ — тыныш. (М. Қашқари.)

Тоқ адамға семіз еттің де дәмі білінбейді,  
Аш адамға солми қалған шалғам қаздың етінен де дәмді көрінеді. (С. Сарайи.)

Қу құлақшының қамы болмаса, құс тұзаққа түспес еді, аушылар да тұзақ құрмаған болар еді. (С. Сарайи.)

Тоқ адам асты тапдан ішеді,  
Аш адам тамағынан өткенін ішеді. (Ю. Баласағұни.)

Ашығып жесең — нан да шекердей көрінеді. (Құтып.)

Рахат көрін жүрген жан аштың халін қайдан біледі. (С. Сарайи.)

Көгеріп, құрғап, қатқан нан — аш адамға шекердей. (С. Сарайи.)

Жолаушыдан жолазық күтпе. (С. Сарайи.)

Жол үстінде жеген зағара<sup>1</sup> ет татиды. (С. Сарайи.)

Арпа берген кісіден есек қашпайды. (Құтып.)

Арам ас түскен іш жазылмайды. (М. Әлі.)

«От» дегеннен ауыз күймейді,  
Тістің етін сорғанмен қарын тоймайды. (Құтып.)

Қант пен сүтті дәмі үшін сүйеді. (Құтып.)

<sup>1</sup> Зағара — жүгері ұшынан жабылған таба нан, күлше нан. Қазақстанның оңтүстік аудандарында жүгерінің тартылған ұшы да, одан жасалған әр түрлі нанды да зағара дейді.

Алыңсыз адам алысқа бармайды. (С. Сарайи.)

Көп жеген адам көп ауырады. (Ю. Баласағұни.)

Асығыс піскен асты жеген ауру болады. (Ю. Баласағұни.)

Піскен нан қалмайды. (Қорқыт.)

Сіңбеген ас бүкілер —  
Ауруға содан ілінер. (Ю. Баласағұни.)

Артық ішкен ас — зиян. (С. Сарайи.)

Қай жерде жесен, сол жерде іш. (Ю. Баласағұни.)

Адам — қарынның құлы. (М. Қашқари.)

Тұлақшы көрінбейді — жемін ғана көрсетеді. (Ю. Баласағұни.)

Ләззаты тәтті астың да тойған соң дәмі кетеді. (Құтып.)

Сусынның қоюы — түбінде. (Құтып.)

Сум көп болса — бақ та мауелі,  
Күсқа тұзақ күрсең — дән сен әуелі. (Құтып.)

Тұзы аз дәмнің татымы болмас. (Құтып.)

Бір жеп тойр ас үшін бар күшіңді сарып етпе. (Ю. Баласағұни.)

Ауыз асағанда — көз ұйлады. (М. Қашқари.)

Жұтқыншақтың өкпесі жұтатып бітеді. (Ю. Баласағұни.)

Су құяры мұзбенен,  
Астың дәмі тұзбенен. (Ә. Науаи.)

Саулық тілесең — көп жеме. (Ә. Науаи.)

Қарының қамын ойлама:  
Құмырысқа белді берік бол. (Құтып.)

Дайын асты алдына тосса, ешкім оны «жоқ екен» деп ойла-  
мас. (М. Қашқари.)

Азығы бар — арымас. (М. Қашқари.)

Адам үшін-жеу үшін ғана өмір сүрмейді. (С. Сарайи.)

Мезі қылса да май жақсы,  
Күйдірсе де күн жақсы. (М. Қашқари.)

«Саулығымды сақтаймын» десең — аз же,  
Бірақ уақытылы же. (С. Сарайи.)

Көп қайнаған ас бұзылады. (Құтып.)

Арпасыз ат қыр аспас,  
Жәрдемсіз алын жау жеңбес. (М. Қашқари.)

Той жеген тамақта у бар. (Ю. Баласағұни.)

Алуа же, тары же —  
Тонды қарын бәріне. (Ю. Баласағұни.)

Барлық ауру бір жоламен келеді — қомағайлық арқылы. (Ю. Баласа-  
ғұни.)

«Қуатымды сақтаймын» десең — қаршыға не бол. (Ю. Баласағұни.)

Інілген нәрсенің жұғышы түбінде қалады. (Құтып.)

Адал жеген — аман жүреді:  
Жол жіңішке тура жүрем десеңіз,  
Жарасады адал, таза жесеңіз.  
Қан төгісін, қастық қылған — жарамас,  
Қылма зорлық, татын алма арам ас. (Ю. Баласағұни.)

Айтады екен алуа, бал татқандар:  
«Азанда аш қой — түнде тойып жатқандар» (Ю. Баласағұни.)

Бү кү тамақ талай елге апат боп,  
Жер қойнына кірген олар апат боп. (Ю. Баласағұни.)

Бір білімдар айтқан екен солайына:  
Дәмі кетер ас-ауқатың молайса. (Ю. Баласағұни.)

Бектің асы қанша дәмді болса да, жоқ-жітіктің қатқан наны жақсырақ.  
(С. Сарайи.)

Қарны тойған елдің тілі шығады,  
Еріңсір-ау, қыссаң — қайта бұғады. (Ю. Баласағұни.)

Ішімдік адамды өсірік қылады,  
Ас-тағам қарын тойдырады. («Кодекс куманикус».)

Тыңда, балам, білімі жоқ — былғайды,  
Талқаны бар жент қосын та бұлғайды. (М. Қашқари.)

#### ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН АУРУ ТУРАЛЫ

Емдеуі келген ер өлмес. (М. Қашқари.)

Ауру — өлімнің түрткісі. (Ю. Баласағұни.)

Тәуінтен ауруыңды жасырма. (Құтып.)

Емнің сыры бірақ затта болады. (Құтып.)

Аурудың өсеті — ізгі. (М. Қашқари.)

Ауырған жерін ауру біледі. (Қорқыт.)

Тірі адам ауырмай тұрмайды,  
Ауырғанның бәрі әле бермейді. (Құтып.)

Тірі дене түбінде бір ауырмай тұрмайды. (Құтып.)

Луру қанша қатты болса да, өлімнің кешілі емес. (С. Сарайи.)

Луруын емденеген — тез өледі. (Ю. Баласағұни.)

Луруын жасырған — өледі. (Ә. Науаи.)

Асқынған ауруға пышақ ем. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Жан танырар адамның аузына көкейіндегісі келеді. (С. Сарайи.)

Лурудың жаманы да тамақтан өтеді, амалы да тамақтан өтеді. (Ю. Баласағұни.)

Барлық аурудың дәрісін тауып бере бермейді. (С. Сарайи.)

Көп ауру көр аузынан қайтар. (Құтып.)

Дәлден келген аурудың дәрісі жоқ. (Ю. Баласағұни.)

Кісі ауырса — емші емдейді,  
Емші ауырса — кім емдейді? (Ю. Баласағұни.)

Әл үстінде жатқан адамның аузына мақтамен су тамызады. (Ә. Науаи.)

Луру адам, әдетте, ынысқ болады. (Ә. Науаи.)

Луру — өлімнің алғашқы елшісі. (Ю. Баласағұни.)

Бас аман болса, бөрік табылады. (Қорқыт.)

Жігіттің дені сау болса, сол — дәулет. (Құтып.)

Бас пен дене аман болса — тілек кетпейді,  
Ер аман болса, тілегіне жетеді. (Ю. Баласағұни.)

Оң қол сау болса, бір адамға жетеді. (С. Сарайи.)

Аяғы сынған кісіге не серуен керек. (С. Сарайи.)

Ақсақ кісі сапарға шығып жарытпайды. (С. Сарайи.)

Соқыр жолдан адасса, ескнес болар. (Ю. Баласағұни.)

Ғауһар қадірін соқыр білмейді. (Құтып.)

Китар кісі бір затқа қарап, екі зат көреді. (С. Сарайи.)

Қоны жоқ адам құр қалар. (Көне ұйғыр жазу ескерткіші.)

Соқырға не жарық жоқ, не жарық күн жоқ. (Құтып.)

Таздың барар жері — бөрікші. (М. Қашғари.)

Соқыр адам жол бастамайды. (С. Сарайи.)

Солақай — оңқайдың істегенін істей алмайды. (Құтып.)

Жұз құбылып әрекет жасасаң да бүкірлігің жазылмайды. (С. Сарайи.)

Тірі адам ауырмай тұрмайды. (Ю. Баласағұни.)

Ауырғанның бәрі өле берсе — аспан асты бос қалар. (Ю. Баласағұни.)

Өмір-тіраік қылмаса қысқадан —  
Табылады адамға — мал, құсқа — дән. (Ю. Баласағұни.)

Аман адам амалымен нәрменді,  
Өткереді талай мақсат, арманды. (Ю. Баласағұни.)

Дені сау адамға оның сол сау жүргені жетеді. (С. Сарайи.)

Жесін аздап денсаулығын көздеген —  
Ойда тұрсын «мәзгіл» деген, «кеш» деген. (С. Сарайи.)

Тірі адамды ауру бір күн деңдейді,  
Емші көрсе, дәрі беріп емдейді. (Ю. Баласағұни.)

Ауру — өлім хабаршысы, белесі.  
«Өлім» деген — тіршіліктің елесі. (Ю. Баласағұни.)

Ауру адамның айтқан өспеті жақсылық жайында болады. (М. Қашқари.)

Ауру адам не болса соны айтады. (Құтып.)

Сау адам біреудің жарасы ауырып отырғанын білмейді. (С. Сарайи.)

Ауруға ең қиыны — түп. (Құтып.)



## РУХАНИ БАЙЛЫҚ

### АҚЫЛ МЕН ОЙ

Ақыл — алланың сыйлығы. (Ю. Баласағұни.)

Ақыл — мың оқудың басы. (Ю. Баласағұни.)

Ақыл-ой мен білім — әр адамның сәулеті. (Ә. Науаи.)

Әркімнің ойлап жүрген бір тілегі бар. (Р. Хорезми.)

Жанжалдың шоғы қызарса — ақылдың суын сеп. (С. Сарайи.)

Ойлы адамға нақыл сөз қатты ұнайды. (Құтып.)

Ойлап істеу — ердің ісі. (Құтып.)

Ойлай білген ер көзсіз батырдан мың есе артық. (Құтып.)

Ойлай білу — мұрындық жіп сияқты.

Оны ұстаған адам мұратына жетеді. (Ю. Баласағұни.)

Кісіні ұғым кісендеп-ақ тастайды,

Кісенделген жамаң іске баспайды. (Ю. Баласағұни.)

Ақыл — шам-шырағың түндегі,

Білімділік — жарық көзі күндегі. (Ю. Баласағұни.)

Пайда келер ақыл, білім жолынан,  
Зерделі мен таза адамның қолынан. (Ю. Баласағұни.)

Зерек ерге мол мейірім төкпес не!  
Түйсіксізді бетке қағып сөкпес не!  
Қарағанда көр көкірек немеге.  
Естиярдың барлық ісі — оныге.  
Құт азарасар пайымдының еркіне,  
Білім — ердің ізгі қылық, көркі де. (Ю. Баласағұни.)

Білікті адам сөйлемей-ақ біліпін тұрады. (С. Сарайи.)

Ақыл кірін, қырықта әдеп білмесе —  
«Адам» емес, болар еді кім десе! (С. Сарайи.)

Біліксіз кісі барабан сияқты; сырты — сұлу, даусы зор, бірақ ішінде  
түк те жоқ. (С. Сарайи.)

Білікті адам қайда барса да торге шығады. (С. Сарайи.)

Шықса бүлік — ақыл баста тұрмайды.  
Мыздың мызын, құр тамағы құрғайды. (М. Қашқари.)

Күшігөн күс жемтікке шүйілер тез,  
Есті кісі ақылға пілер тез. (М. Қашқари.)

Сынамаса — алданар,  
Ойланбаса — ұтылар. (М. Қашқари.)

Ораланы ойға алған — ораза тұтқан болып есептелмейді. (М. Әлі.)

Ойыңды етегіңмен жауып жасыра алмайсың. (Лугфий.)

Ақыл — саған ізгі дос, әділ жолдас. (Ю. Баласағұни.)

Ақыл бізді білімге жетелейді. (Құтып.)

Ақылменен көп елді қаратып алуға болады. (Құтып.)

Ақыл бар жерде шындық бар, өтірік жоқ. (Ю. Баласағұни.)

Ақыл махаббат тұзағына тап келсе, қашарға жол іздейді. (Құтып.)

Ақылдың ісі асығыспенен бітпейді. (Құтып.)

Ақыл мен білім арманыңды іске асырады. (Ю. Баласағұни.)

Адам бойындағы ең тамаша зәрсен — білім мен ақыл. (Ю. Баласағұни.)

Кемел ақыл жоқ болса — тілінді тый. (С. Сарайи.)

Ақылды адам өмір сүру үшін ішін-жесейді,  
Ақымақ күнде ішін-жесу үшін өмір сүреді. (С. Сарайи.)

Ақылды ер әр адамның көңілін аулар,  
Күйзелін күнде күншіл жоқты даулар. (С. Сарайи.)

Керекті жерінде ғана сөйлеген — мақұл,  
Орынсыз жерде сөйлемеген — ақыл. (С. Сарайи.)

Ақыл-кеңес тыңдамаған адам әрдайым маһақатқа түседі. (С. Сарайи.)

Үйренеді адам — білім артады,  
Ақыл түбі тым тереңге тартады. (Ю. Баласағұни.)

Ол де үстем түсінігі жоң ердің,  
Басы болар көні мың сан овердің. (Ю. Баласағұни.)

Сапасызды «адам екен» деме де,  
Қанша айтсада сенбе ондай немеге. (Ю. Баласағұни.)

Жұртқа түсік белгісімен білінер:  
Түсік болса — дереу көзге біліер. (Ю. Баласағұни.)

Сүйекте жілік болар, ерде — білік,  
Ақыл той ердің көркі, етте жілік.  
Жіліксіз ет секілді білімсіздік —  
Көз созбае сүйексізге бұл тіршілік. (А. Пүгінеки.)

Білімдар жоңді білім «бекін» дейді,  
Ақылмен іс істеген өкпінбейді.